**Қазақстан Республикасы Үкіметінің БҰҰ Есірткі және қылмыс жөніндегі басқармасының жобалық құжаттарын жасасуы туралы**

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2005 жылғы 25 қаңтардағы N 61 Қаулысы

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қоса беріліп отырған:

"Есірткіге сұранысты азайту және АҚТБ/ЖҚТБ-ның алдын алу стратегиясы мен саясаты мәселелерінде Орталық Азия елдеріне консультативтік көмек көрсету";

"БАҚ, ҮЕҰ мен азаматтық қоғам арқылы нашақорлықтың және АҚТБ/ЖҚТБ-ның алдын алу";

"Бақыланатын жеткізулер әдісін дамытуға жәрдемдесу";

"Есірткіге қарсы күрес саласындағы жедел және өзге де ақпарат жинау, оны талдау және алмасу жөніндегі құқық қорғау жүйелері";

"Орталық Азияда прекурсорларды бақылау" атты БҰҰ-ның Есірткі және қылмыс жөніндегі басқармасы құжаттарының жобалары мақұлдансын.

2. Қазақстан Республикасының Ішкі істер министрі Зауытбек Қауысбекұлы Тұрысбековке қағидаттық сипаты жоқ өзгерістер мен толықтырулар енгізуге рұқсат бере отырып, Қазақстан Республикасының Үкіметі атынан көрсетілген жобалық құжаттарды жасасуға өкілеттік берілсін.

3. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

*Қазақстан Республикасының Премьер-Министрі*

Біріккен ұлттар ұйымы
Есірткі және қылмыстық басқармасы
Орта Азиядағы Аймақтық Өкілдік

---

**Бағдарламаның аталуы:** Орталық Азияға стратегиялық бағдарлама

**Жобаның N және аталуы:** AD/RER/04/H36-"Есірткілерге сұранысты қысқарту саясатына және СПИД/ВИЧ-тің алдын алу стратегиялық мәселелері бойынша Орталық Азия елдеріне кеңестік көмек көрсету"

**Ұзақтығы:** 2 жыл

**Басталу мерзімі:** 2004 шілде

**Сектор:** Есірткіні зиян келтіре пайдалануды алдын алу және қысқарту

**Серіктес-агенттіктер:**

**Атқарушы агенттік:** ЮНОДК

**Орындаушы агенттік:** Орта Азиядағы ЮНОДК-тің аймақтық Өкілдігі

**Жалпы бюджет:** US$ 400,000

**Қаржыландыру көзі:** Италия (US$ 350,000)

---

**Қысқаша сипаттама:**

Жоба Орталық Азия елдеріндегі есірткіге сұранысты қысқарту және ВИЧ/СПИД-ті алдын алу жағындағы саясатты әзірлеу, жүзеге асыру, үйлестіру, мониторингілеу және бағалау жүргізетін, сәйкес мемлекеттік мекемелердің әлеуетін әрі қарай арттыруға бағытталған: (і) стратегиялық жобалауына және нашақорлықтың эпидемиологиясына, нашақорлықтың және ВИЧ/СПИД-тің ақпараттық жүйесін және таратылу мониторинг жүйесін жергілікті, ұлттық және аймақтық деңгейде жақсарту; (іі) есірткіге сұранысты қысқарту және ВИЧ/СПИД-ті алдын алу туралы әртүрлі тақырыпты бағыттарда үзілмес халықаралық сарапшылық көмек көрсету; (ііі) нашақорлыққа сұранысты қысқарту және ВИЧ/СПИД-ті алдын алу туралы бағдарламалардың, стратегиялардың және шаралардың әсерлігіне баға беруді өткізуге арналған мүмкіндіктерді және адекваттық жүйелерді әзірлеу және енгізу; және (іv) 1998 жылы БҰҰ-ң Генералдық Ассамблеясының Арнайы Сессиясында және 2001 жылы сәйкес БҰҰ-ң Генералдық Ассамблеясының Сессиясында қабылданған нашақорлыққа сұранысты азайту және ВИЧ/СПИД-ты алдын алу басымды қағидаларына сәйкес нашақорлыққа сұранысты азайту және ВИЧ/СПИД-ті алдын алу бағдарламаларын жергілікті деңгейде әзірлеуге арналған стратегиялық жоспарлау тетіктерін дамыту арқылы.

---

| Үкімет атынан: | Қолы | Мерзім | Аты/қызметі |
|---|---|---|---|
| Қазақстан Республикасы: | -------- | -------- | ----------- |
| Қырғыз Республикасы: | -------- | -------- | ----------- |
| Тәжікстан Республикасы: | -------- | -------- | ----------- |
| Түркіменстан: | -------- | -------- | ----------- |
| Өзбекстан Республикасы: | -------- | -------- | ----------- |
| ЮНОДК: | -------- | -------- | **ЮНОДК-тің атқарушы директор** |

## I. Контекст

### I.1 Саяси және әлеуметтік-экономикалық жағдай

Кеңес Одағы ыдырауынан бастап, саяси және әлеуметті-экономикалық өткелі кезеңге байланысты, Орта Азия елдері күрделі түйінді мәселелерге ұшырады, сонымен

қатар күрделі бюджеттік шектеулерге душар болды. Осының нәтижесінде, әлеуметті-экономикалық түйінді мәселелердің осыған қоса есірткіні заңсыз айналдыру және нашақорлықтың соңғы жағдайларын жеңілдету үшін бастамаларды іске асыру тәжірибесі және қажетті қаражат жиі кездерде жетпеді.

Есірткі мәселесімен, ВИЧ инфекция таратылуымен күресуге, қылмыс жағынан бақылауға көмек қажет екенін түсіне, Орта Азия үкіметтері халықаралық ынтымақтастықты белсенді түрде қолдайды және ЮНОДК-тің қызметіне саяси қолдау көрсетеді.

### I.2 Есірткілерді культивациялау және өндіру

Орта Азия елдері, есірткісі бар өсімдіктерді заңсыз егуді жоюға және оны мониторингіге салуға бағытталған күрделі шаралар қолданады. Культивацияның кейбір кездерінен басқа, Орта Азияда есірткінің күрделі сауда өндірісі жоқ. Үлкен аумақта жабайы каннабис және эфедра өседі.

Елдің ішінде өндіргеннен көрі, әлі күнге дейін есірткіні Ауғаныстаннан әкелудің қауіпі аздығына және жеңілдігіне байланысты есірткіні заңсыз айналысымен және өткін асырып әкетуімен салыстырғанда, жалпы нашақорлық жағдайға культивация мәселесі көп әсер етпейді. Мысалы, 2003 жылдың мамыр айында тәжік-ауған шекарасында (төмен сапалы) героиннің килосы 800-1,500 немесе (жоғары сапалы) 5,500-7000 АҚШ доллар арасында болды және оны жеңіл алуға болған. Ауғаныстандағы саяси бетбұрыстары, Орта Азияға есірткіні тасымалдау жағдайына еңселі өзгерістер шақырған жоқ.

### I.3 Есірткілердің заңсыз айналымы

Соңғы жылдары - ішкі әскери қақтығыс себебімен және қоғамның қатары ыдырауына байланысты - Ауғаныстанда заңды сауда әрекетінің көп мөлшері қираған. Бұл жағдай, көкнәрді заңсыз культивациялау, морфинді және героинді өндіру оны аткезші түрінде тасымалдауы деңгейінің күрделі өсуіне ықпал жасады, бұның нәтижесінде, 90-шы жылдардың аяғында Ауғаныстан әлемде ірі апиын өндіруші болды .

2001 жылғы төмендеуінен кейін, 2003 жыл ішіндегі ауғаныстан апиыны бойынша ЮНОДК-тің жыл сайынғы зерттеуі 2003 жылы өндіріс мүмкіндігін 3,600 тоннаға бағалады, 2002 жылдағы 3,400 тоннаға салыстырғанда. Зерттеу апиынның жалпы өндірісі 6% және Орта Азия елдерімен шектелескен Бадхашан провинциясында күрделі 55% дейін өсуін көрсетті.

90-шы жылдардың аяғындағы апиынның рекордты өндірісіне байланысты Ауғаныстан бүкіл аймағында, осының ішінде Тәжікстанмен, Өзбекстанмен және кейбір мәліметтер бойынша Түркменстанмен шекаралық аудандарда есірткінің ірі мөлшерлі қорлары жасалған. Бұл қорлар, героиннің алдыңғы деңгейіндегі сұрауын қолдауға ұзын мерзім ішінде жеткерлік болуы мүмкін.

2002 жылы есірткінің күрделі бөлігі, Орта Азия арқылы аткезші түрінде Тәжікстан

аймағынан әкелінген. Героиннің ірі партияларын ауыстыруға арналған қиын операцияларын құқыққорғау органдары жиі қысқартады. Әріқарай есірткілер Өзбекстан және Қырғызстан арқылы тасымалданады. 2002 жылы қырғыздың Ош және Бәткен провинциялары қайтадан есірткінің өте көп түрде көбеюін сезді. Пяндж және Амударья өзендеріндегі көпірлерден қарым-қатынасты қайта бастауы экономикалық дамуға мүмкін ықпал жасайтын шығар, бірақ бұл тең дәрежеде есірткі тасымалдаудың жаңа жол бағыттарын ашуы мүмкін. Ресей және батыс нарықтары жолында, әріқарай трафик жол бағыты көбінесе Қазақстан арқылы өтеді және Ресей Федерациясының шекарасын кеседі. Осымен, есірткіні тасымалдаудан бүкіл аймақ зар шегеді.

## I.4 Есірткілермен зиян келтіре пайдалану

Әлеуметтік-экономикалық өзгерістер және тұрақсыз кездердегі есірткінің өте көп мөлшерде түсуі өз соңынан бүкіл аймақ бойынша нашақорлықтың күрделі көтерілуіне әкелді. Соңғы он жыл ішінде Орта Азияда нашақорлықтың деңгей көрсеткіші биік көтерілуі көрінеді. Есірткі сату ірі ауқымда жайылған 90-шы жылдар алдында көбінесе "дәстүрлі" көкнәр және марихуана сияқты есірткілерді қолдану байқалатын. Осыдан кейін арзан героинді алу мүмкіндігі зиян келтіре пайдалану түрлерін өзгертті және ВИЧ /СПИД-тің таратылуының және әлеуметтік жалған шоғырлауының күрделі түйінді мәселесін шығарып героинді инъекция түрінде пайдалануға ықпал жасады. Ең алдымен жастар және әлеумет түрінде қорғанбаған тұрғындар зәбірленді. Осыған қосымша, осыған лайықты алдын алу науқандарына үкіметтің қажетті қаражаттары жиі кездері жетпеді.

Орта Азиядағы нашақорлықтың түйінді мәселелері бойынша Аймақтық Конференцияда ұсынған, Орта Азияда есірткіні зиян келтіре пайдалану жағындағы жағдайды жуырда өткізілген жылдам-бағалау нәтижелері: 2002 жылдың маусым айында Ташкентте өткен жағдайды талдау және осыған сәйкес қолданған шаралар, соңғы он жыл ішінде Ота Азияда нашақорлықтың түйінді мәселелері қауіпті көлемге айналғанын көрсетеді. Есірткіні инъекция түрінде қолдану тенденциясы өсуі байқалады , бұл ВИЧ/СПИД-ті және басқа жұқпалы ауруларды таратуына ықпал жасайды. ВИЧ ауруының 70% аса жаңа ахуалдары нашақорлықпен байланысты және ВИЧ/СПИД эпидемиясы қауіпті топтардан жалпы тұрғындарға ауысу қауіпі бар.

1995 жылдан бастап күрделі көтерілуімен, зерттеулер соңғы он жыл ішінде нашақорлықтың жиырма ретке өскенін шығарды. Жастар және әйелдер арасында нашақорлықтың өсуіне байланысты алаңдау тенденциялары байқалады. Осыдан басқа, есірткі пайдаланатындардың орта жасы қалыпты түрде төмендеуде. Бір мөлшері 1-2 долларға дейін тұратын арзан бағамен алуға мүмкіндік бар, тамыр ішіне пайдаланатын героинмен көбінесе жиі қолданады.

## I.5 Есірткілерді бақылау туралы аймақтық саясат, басымдықтар және жоспарлар

Аймақтық елдердің Үкіметтері есірткілерді бақылау туралы бүкіл халықаралық сәйкес конвенцияларға қосылды. Есірткілерді бақылау Комиссиялардан/Комитеттерден

/Агенттіктерден басқа, негізінде нашақорлықты алдын алу мәселелермен және оны емдеумен Денсаулық және білім Министерствосы жұмыс істейді.

Қазақстан Республикасында ІІМ-нің ішінде жуырда құрылған есірткі кәсібімен күресу және есірткі айналысын бақылау Комитеті министерстволардың және ведомстволардың есірткіні бақылау мәселелері бойынша іс-әрекеттерін үйлестіруге жауапты. Есірткіге байланысты қылмыстардың санағын жүргізуге уәкілді, бас Прокуратура жанында құқықтық санақ Орталығы құрылды.

Есірткілерді бақылау бойынша ұлттық әрекеттерді ұйымдастыруды және үйлестіруді қолдау үшін Қырғызстан Үкіметі есірткілерді бақылау туралы Мемлекеттік Комиссия құрды. Комиссия қазіргі кезде ЮНОДК-тің жобасының ықпалымен, есірткілерді бақылау бойынша толық құқықты арнайы Агенттікке қайта құрылып жатыр.

Тәжікстан Республикасы Президентінің жанында есірткілерді бақылау бойынша Агенттік құру туралы Хаттамаға Тәжікстанның Президенті және ЮНОДК-тың арасында қол қою болды Тәжікстан Республикасында есірткіге қарсы саясатына өте күрделі. Өз жұмысын Агенттік 2000 жылдың наурыз/сәуір айында бастады және есірткілерді заңсыз айналдыру, нашақорлықпен күресуде үлкен нәтижелерге жетті. Өзінің шұғыл жұмысына қосымша, Агенттік есірткілердің заңды айналысын бақылауға уәкілді.

Түркменстан Үкіметіде нашақорлықпен және есірткілерді заңсыз айналдырумен күресу бойынша Мемлекеттік Үйлестіру Комиссиясын құрды, құқыққорғау органдарының және басқа ведомстволардың есірткімен күресу әрекеттерін үйлестіру оның негізгі міндеті болып табылады. Мемлекеттік Комиссия есірткілерді бақылау стратегиясын анықтау және жүзеге асыру арнайы рөлімен қамсыздандырылған.

Есірткі заттарды заңсыз айналдырумен күресуді үйлестіру, есірткілерді таратуды қысқарту жөнінде әсерлі шараларды әзірлеу және іске асыру мақсатында Өзбекстан Республикасында ұлттық және аймақтық деңгейде есірткіні бақылау Мемлекеттік Комиссиясы құрылды, бұның құрамына есірткілерді бақылау жұмысының әртүрлі саласына жататын бір неше қатар министерстволардың және ведомстволардың басшылары кіреді. 2002 жылдың наурыз айында Өзбекстанның есірткілерді бақылау Мемлекеттік Комиссиясы 2002-2005 жылдарда есірткілерді, психотроптық заттарды заңсыз айналдыруға және оларды зиян келтіре пайдалануға қарсы әрекет Бағдарламасын қабылдады. Бұл құқыққорғау органдарының қызметкерлерінің жұмысын жақсартуды және заттық-техникамен қамсыздандыруды, нашақорлықтың алдын алу, қысқарту және емдеу әсерлі шараларын жүзеге асыруды, наркология қызметін техникамен қамсыздандыру және Өзбекстан Республикасының халықаралық міндеттерін атқару, осының ішінде техникалық ынтымақтастық жобаларын халықаралық ұйымдардың қатысуымен жүзеге асыруды көздейді.

## І.6 Өткен және ағымды ынтымақтастық

Орта Азия елдерінің есірткімен күресуін ЮНОДК он жыл бойы қолдайды. Қолдаудың негізгі жақтары болып табылатын: есірткілерге қарсы күресу үшін ұлттық әлеуетін күшейтуге арналған институциялық қолдау; байланыс жүйелерін жасау; шекарадағы бақылау жұмысын арттыру; есірткілерді бақылау жөніндегі арнайы агенттіктерді құрастыруға және күшейтуге арналған ұлттық әрекеттерді қолдау.

Қазіргі кезге дейін, Орта Азияда есірткілерге сұранысты азайту жағында ЮНОДК-тің жұмысы шектеулі болған және алдын алу шараларында тіркелген. ЮНОДК-пен қаражатталған бір жоба Орта Азия журналистерін оқыту және есірткілер туралы қоғамда хабардар болушылық деңгейін жоғарлатуға жолданған және алдын алу және оқыту саласында бірнеше бастама өзіне кіргізілген. Осыған қосымша, есірткіге сұранысты азайтуға арналған қысқа мерзімді шараларды жүзеге асыру үшін, осының ішінде зерттеулер өткізуге, хабардар болушылық деңгейін көтеруге, нашақорлықты алдын алу тренингтеріне үйретуге және ұйымдастыруға арналған аймақтың бірнеше үкіметті емес ұйымдарға (ҮЕҰ) азғантай гранттар берген. Бұқаралық ақпарат құралдары (БАҚ), үкіметті емес ұйымдар (ҮЕҰ) және азаматтық қоғам арқылы нашақорлықтың және ВИЧ/СПИД-тің таратылуын алдын алу бойынша, өткен тәжірибе негізінде әзірленген аймақтық жобаны жуырда жүзеге асыруы басталады.

ВИЧ/СПИД бойынша бағдарламаның кең контекстінде, Қазақстан Республикасының Алматы және Қарағанды қалаларында, Қырғыз Республикасының Бішкек және Ош қалаларында, Тәжікстан астанасы Душанбеде, Өзбекстанның Ташкентінде, ПРООН, ЮНАИДС және БҰҰ-ның басқа агенттіктері арқылы жүзеге асырылған, Орта Азия елдерінің үкіметтері есірткілерді инъекция түрінде пайдаланушылар (ЕИТП) арасында ВИЧ-пен ауруды алдын алу жағына, қысқартуға, осының ішінде зиян келтіруді азайту шараларына арналған бірнеше бастамаларын қабылдады.

Аймақта есірткіге сұранысты азайту жағындағы институционалды қажеттілікті және басымдылықты, нашақорлық және оған байланысты мәселелер туралы екі зерттеу жобаларын өткізу арқылы 2001 жылдан бастап ЮНОДК нашақорлықтың түйінді мәселесін зерттеуге қолдау көрсетті. Көрсетілген жобаның нәтижелері және қорытындылары нашақорлық мәселелері бойынша, 2002 жылдың 26-28 маусым айында Ташкент қаласында өткен Аймақтық Конференциясында ұсынылған.

Орта Азияның бүкіл елдеріндегі ВИЧ/СПИД-ті алдын алу және ЕИТП-ға нашақорлықты емдеуге арналған қызмет жүйесін құрастыру аймақтық жобасын беретін жүзеге асыруы басталды. Қазақстанның, Қырғызстанның, Тәжікстанның, Түркменстанның және Өзбекстанның таңдаулы облыстарында ВИЧ-ті алдын алу, инъекциялық және басқа есірткілерді пайдаланушыларды емдеу қызмет жүйесін жақсарту және әрі қарай дамытуға арналған жоба. Жобаның ішінен: көшеде арнайы топтармен белсенді жұмыс жасау қызметін дамыту, төмен деңгейдегілерге қызмет

көрсету, ВИЧ/СПИД-ті алдын алу бойынша ағарту және оқыту өткізу, презерватив және таза инъекциялық құралдарды алуға мүмкіндік беру, кеңес беру, дотоксификация қызметін дамыту, есірткіге тәуелді адамдарды емдеу және реабилитациялау қызметтері кіреді. ЮНОДК осымен қатар нашақорлық және ВИЧ/СПИД-ті алдын алу жөнінде жан-жақты бағдарлама жүргізеді.

БҰҰ-ның (ЮНЕСКО, ЮНФПА, ЮНИСЕФ, ВОЗ) агенттіктерінен басқа, аймақта есірткіге сұранысты азайту бағдарламасын ЮСАИД, Ашық Қоғам Институты, Британия Кеңесі, ынтымақтастықты дамыту жөніндегі Швейцарлық агенттігі, ОБСЕ, Орта Азиядағы европа елдерінің кейбір елшіліктері, алдымен Өзбекстанда және Қазақстандағы Франция елшілігі белсенді түрде қолдайды.

## I.7 Орта Азия елдерінде ВИЧ/СПИД бойынша жағдай

**Қазақстан:** (2002) кейбір бағалау бойынша 23,000 ВИЧ-тің орыны бар. (2003 желтоқсаны) ВИЧ/СПИД-тің 4,004 саны тіркелген. Оның ішінде, 83.2%-ЕИТП-лар, және 8,9%-гетеросексуалды байланыстар арқылы. СПИД-тің саны: 47, СПИД-тан өлгендер саны: 38. 50%-80% дейін ЕИТП-лар В немесе С Гепатиті жұқтырылғандар. ВИЧ-тің негізгі топталу жерлері қамау орыны болып табылады. 1996 жылдан бастап 2001 жылдың аяғына дейін, тергеу жүргізетін арнаулы орындарында 739 ВИЧ аурулар анықталған. Бұл 1987 жылдың жалпы санынан 29.3% және 334 немесе 2001 жылы анықталғанның 45.2% құрайды. 2001 жылғы жалпы тұрғындардың санынан қамаудағылар 1% кем құрайды, тіркелген ВИЧ-тер қамаудағылар арасынан табылған.

**Қырғызстан:** (2003 жылдың аяғына) 494 тіркелген, 83.05%-ЕИТП-лар; 89%-еркектер. Тұрғылықты тұрғындардан 10.3%-әйелдер және 11.5% шетелдіктер. Бірақ ЮНАИДС-тің зерттеу нәтижесі бойынша ВИЧ-тің нағызғы саны, 10 есе көп болуы мүмкін және 3,000 адамды құрайды. 2000 жылы, зерттеу жүргізілген топта шприцта қалған қанды тексеруде негізделген зерттеу ВИЧ-тің таратылу деңгейі Бішкекте 11,5 ден 18% дейін және Ошта 32 ден 50% дейін құрады. Осыдан шыға бағаланған бойынша ЕИТП-дың ВИЧ-пен ауру мүмкіндігі Бішкекте 6,550 және Ошта 2,050 құрады. Егерде кең ауқымды шаралар қолданбаса 2003 жылдың аяғына дейін(40,000 адам құрады) 70% ЕИТП-ға дейін жұғуы мүмкін. ВИЧ-тің таратылуына ықпал жасайтын факторлардың ішіне кіретіндер: ЕИТП-дың саны көбеюі, сақталмаған секс көрсететін ЗППП-нің жоғары деңгейі, және жалпы шприцтарды қолдану. Шприцтерді және презервативтерді алуға мүмкіндіктері шектеулі сияқты жұмыссызда және көші-қонда ықпалды фактор болып табылады.

**Тәжікстан:** (2003 жылдың желтоқсан айына) ВИЧ жұққандардың 119 тіркелген. ВИЧ-тің 79,2% ЕИТП-мен байланысты. Тәжікстанның 57,3% тұрғындары 25 жастан кіші, ал 19,9% 15 тен 24 дейінгі жаста. Ішкі көші-қон, алдымен ауыл жерінен қалаға көшу кең ауқымды болып барады. Көші-қонушылар бұл ең алдымен әлеуметті түрде орналаспаған тұрғын топтары, қалада жұмыс іздеушілер және үлкен қиындықтарға кез келетіндер. Сондықтан, осындай топтар нашақорлыққа бейімді және соңында ВИЧ-ті

жұқтыруға қаупі бар. Душанбеде, сондай-ақ Согди облысында (Чкалов және Қайрақұм қалалары) героинді өктемдік жүргізуден жағдай қиындыққа түседі. Ресми санаққа сәйкес, Душанбеде 3558 есірткі пайдаланушылар тіркелген, олардың 1079-ЕИТП. Есірткі пайдаланушылар Чкаловта-58, Қайрақұмда-59, олардың 77 ЕИТП.

**Өзбекстан:** (2002) кейбір бағалаулар бойынша ВИЧ-тің 3,596 тіркелген, 60% (1836) - ЕИТП.

**Түрікменстан:** (2002) кейбір бағалаулар бойынша 100 сан. (2001 қарашасында) ВИЧ-тің 2 тіркелген, СПИД-тің 1 саны.

## II. Негіздеу

### II.1 ЮНОДК-тің мандаты

ЮНОДК-тің стратегиясы БҰҰ-ның есірткілерді бақылау туралы әртүрлі Конвенцияларына және 1998 жылдың маусым айында өткен (БҰҰ-ның ГААС) БҰҰ-ің 20-шы Генералды Ассамблеясының Арнайы Сессиясында қабылданған Саяси Декларациясына, осымен қатар есірткілерге сұранысты азайтуға арналған басымды қағидалары туралы Декларациясына және 2001 жылдың маусымдағы ВИЧ/СПИД мәселесі бойынша БҰҰ-ның ГААС-тың құжаттарына негізделеді.

Жұмыс жоспары, айтылған Декларацияны орындау үшін мүше-мемлекеттерге басшылық етуге әзірленген, ЮНОДК-ті мүше-мемлекеттерді қолдауына уәкілді және басшылық етуді ұсыну арқылы Декларацияны орындау және оның қолдауына зәрлі елдерге, келесі бағыттар бойынша:

- Нашақорлық мониторингісінің ұлттық ақпараттық жүйесін құру, осының ішінде аймақтық және халықаралық деңгейде қабылданған негізгі көрсеткіштер бойынша мәліметтер жинау;
- есірткілерге сұранысты азайтуға арналған басымды қағидаларға сәйкес сұранысты азайту бойынша бағдарламаларды, стратегияларды әзірлеу және жүзеге асыру;
- Алға басқан стратегиялар және бағдарламалар туралы ақпаратпен айырбас жасауды қолдау.

БҰҰ-ның ГААС-да ВИЧ/СПИД бойынша қабылданған Міндеттер туралы Декларациясына келесі (төменде берілген) алты бағыт кіреді. (ЮНЕЙДС) ВИЧ/СПИД бойынша БҰҰ-ның бағдарламасы есірткіні инъекция түрінде пайдаланатын мәселелер туралы және ВИЧ/СПИД бойынша секцияға жауапты және жоғарыда көрсетілген декларацияны орындауға мүше-мемлекеттерге қолдау көрсетуге мандаты бар.

- Лидерлік, адам құқығымен бірге
- Сезімтал деңгейін алдын алу және төмендету
- Көмектесу, қолдау және емдеу
- Әлеуметті экономикалық әсерлігін жұмсарту және ерекше жағдайларда шаралар қабылдау
- Зерттеу және дамыту

- Қаражаттарды іздестіру, әрі қарай шаралар қабылдау, мониторингтеу және бағалау.

### II.2 Шешім талаптаған түйінді мәселе

Есірткілердің глобалды мәселесіне арналған 1998 жылы БҰҰ-ның Генералды Ассамблеясының Арнайы Сессиясы, әлемде есірткімен күресу бойынша жаңа глобалды фокусын анықтады. Нашақорлықпен және есірткіні заңсыз айландырумен күресу үшін глобалды әрекеттерін арттыруға, есірткіге сұраныстың төмендеуі өте қажет екенін мүше-мемлекеттер мойындады және БҰҰ-ның ГААС-тың Саяси Декларациясында айтылған бойынша, 2008 жылға дейін есірткілерді ұсынуын, сұранысын күрделі қысқартуға міндеттелді.

1998 жылдан, арнайы сессия басталғаннан бастап, мүше-мемлекеттер, қоғамдық ұйымдар және азаматтық қоғам Саяси Декларацияда қойылған мақсаттарға жету үшін әрекеттенеді. Сұранысты азайтуға байланысты, мүше-мемлекеттердің мақсаттарға жетуге арналған әрекеттерді бақылау, есірткілерді зиян түрінде пайдалану түрлерін және тенденцияларын бағалауға арналған жыл сайынғы Баяндамаға сұрақ беру арқылы жүргізіледі, және Декларацияның есірткілерге сұранысты қысқарту туралы басымды қағидалары негізінде әзірленген, сұранысты қысқарту туралы екіжылдық мерзімдегі баяндамаға сұрақ беру, стратегияны жүзеге асыруға және сұранысты қысқартуға арналған бағалаудың жүруі үшін.

Есірткілерге сұранысты қысқартудың басымды қағидалары туралы Декларациясына келесілер кіреді:

* есірткілердің мәселесін шешудің жолында сұранысты азайтуға және ұсынысты қысқартуға арналған шараларды өзара нығайтуды жүзеге асыруға балансты түрінде қамсыздандыру және шоғырланудың шектелген түрімен ұсынысты қысқарту;

* Ұсынысты қысқарту шаралары міндетті:

- есірткілерді пайдалануды алдын алу және есірткілерді зиян түрінде пайдаланғанның жағымсыз нәтижелерін азайтуға бағытталған;
- жеке тұлғалардың көпшілік деңгейінде белсенді және келісімді қатынасуын қамсыздандыру және көтермелеу;
- мәдени ерекшеліктерін және гендерлық факторларын ескеру;
- жағымды жағдайларды жасауын және бекітуін қолдау;

* Сұранысты қысқарту бағдарлама міндетті:

- есірткімен байланысты тұрғындар арасындағы мәселелерге және есірткілерді пайдалану және зиян келтіре пайдалану сипаттамасын және кең ауқымдығын жиі бағалауына негізделу;
- алдын алу жұмысының бүкіл саласын қамту, есірткілерді пайдаланудың басын алдын алудан бастап соңынан денсаулыққа

жағымсыз және есірткілерді зиян түрінде пайдаланудың әлеуметтік нәтижелерін азайтуға дейін;

- жастарға ерекше көңіл қоя, жалпы тұрғындардың және нақты топтардың сұраныстарын ескеріп әзірлеу;

* Мәселені шешу шараларының әсерлісін анықтау, және сәйкес саясатпен бағдарламаны әзірлеу және жүзеге асыруға бүкіл көпшіліктің қатысуын көздейтін әріптестік жол мәселеге нақты баға беру үшін басымды болып табылады;

* Әлеуметтік қамсыздандыру, денсаулықты қорғау және профилактикалық ағарту бағдарламалары саласында сұранысты қысқарту әрекеттері жалпы бағдарламалық шаралардың құрамды бөлігі болуы керек;

* Ағарту және алдын алу бағдарламаларында шектеулі түрінде пайдаланатын хабар түсінікті, ғылыми негізделген, сенімді, мәдени жағынан қабылдайтын, уақытында және мүмкіндік бойынша тұрғындардың мақсатқа сәйкес тобында мақұлданған болуы керек;

* Бағдарламалардың саясатын әзірлеуге және жоспарлауға жауапты тұлғаларды, ұсынысты қысқарту бағдарламасын және стратегиясын әзірлеуді, жүзеге асыруды, бағалау жүргізудің бүкіл аспекті бойынша практик-мамандарын дайындауға мемлекетке сәйкес зейін қою керек;

* Сұранысты қысқарту жөніндегі стратегиялар және нақты шаралар олардың әсерлігін анықтау және көтеру мақсатында қатаң бағалау өтуге тиіс.

Есірткілерді заңсыз өндіру, айналысқа салу, тарату және пайдалануға жол бермеу жөнінде Орта Азия елдерінің Үкіметтерімен бүкіл деңгейде әрекеттер қабылдауда. Есірткіге сұранысты қысқарту саласындағы саясатын және стратегиясын күшейту талаптарына соңғы кезде екпін қоюды ескере, есірткілерді бақылауын қамсыздандыру үшін саясатты даярлауға жауапты лауазымды тұлғаларға күрделі шешімдерді қабылдауы көзделеді. Есірткінің мәселесін әсерлі түрінде қолға алу ішіне жан-жақты, балансталған және үйлескен стратегия кіреді, осының шектеуі арқылы есірткілерді ұсынуын бақылау және оған сұранысты қысқартуы өзара бірін-бірі толықтырады және күшейтеді деп БҰҰ-ның ГААС-ында қабылданған Саяси Декларация санайды. Сондықтан, есірткілерге сұранысты қысқарту бойынша шараларды күшейту керек және оған қажетті қормен қамсыздандыру тиіс. Осы шараларды жүзеге асыру үшін, саясатты дайындауға жауапты лауазымды тұлғаларға, өз үкіметтерінен немесе министерстволарынан теккана қаржы керекті емес, осыған сәйкес саясатты және бағдарламаны әзірлеу үшін техникалық қолдауда керек.

Есірткілерге сұранысты қысқарту саласы көп үкіметтерге жаңа болып табылады. Сондықтан, нашақорлықты алдын алу және емдеу саясатын және стратегиясын жоспарлауға әзірлеуге, жүзеге асыруға жауапты тұлғалар, ақпараттық және техникалық қолдауға зәрлі. Кейбір кездерде, есірткілерге сұранысты қысқарту жөніндегі әсерлі саясат және бағдарламалар туралы ақпарат қолда болмайды немесе оны тез түрінде алуға мүмкіндік жоқ.

Ұсынған жоба 2002 жылы 26-28 маусымда Өзбекстан, Ташкентте, өткен "Жағдайды және оған қарсы шараларды бағалау: Орта Азиядағы нашақорлық мәселесі жөнінде Аймақтық Конференциясында" әзірленген кепілдемеге толық сәйкес және келесі мәселелерді шешуге бағытталған:

* Нашақорлықты мониторингке түсіруге арналған ақпараттар жиынтығының жүйесі толық дамымаған, эпидемиологиялық индикаторлардың бірінші қатарында негізделген халықаралық деңгейде қабылданған, нашақорлықтың түрлері және тенденциялары туралы уақытында сенімді мәліметтер Үкіметтерге өз саяси шешімдерін және позицияларын қолдау үшін керек, осымен қатар ынтымақтастық және есеп беру бойынша өзінің халықаралық міндеттерін әсерлі түрде сақтауы;
* есірткілерге сұранысты қысқарту бойынша ең жақсы тәжірибелер және әсерлі стратегиялар туралы ақпараттық қамсыздандыру деңгей баршылығының кемдігі;
* есірткілерге сұранысты қысқарту жөніндегі әр түрлі бағдарламалар және шараларды мониторингке түсіру, бағалау мүмкіндіктері шектелген;
* есірткілерге сұранысты қысқарту жөніндегі ұлттық және аймақтық комплексті стратегиялық жоспарларды әзірлеу және жүзеге асыру бойынша әлеует баршылығының кемдігі.

ВИЧ/СПИД-ті алдын алу сұрақтарын жоба есірткілерге сұранысты қысқарту туралы жалпы бағдарламасына енгізеді, ВИЧ/СПИД туралы сұрақтар бойынша 2001 жылғы БҰҰ-ның ГААС-тың Декларациясын ескере және мыңжылдықтың (MDG) дамыту бойынша мақсаттары туралы Құжат 6 номер, 7 міндет, бұл ВИЧ/СПИД-тің таратылуын 2015 жылға дейін тоқтатуын және оның масштабын қысқартуына шақырады.

## II.3 Мақсатты салалар және бенефициарлар

Жобаның негізгі бенифициарлары болып табылатындар:

* Саясатты әзірлеуге және бағдарламаны жоспарлауға жауапты тұлғалар;
* есірткілерге сұранысты қысқарту саласындағы лауазымды тұлғалар және сарапшылар;
* Ақпараттық жүйелерін және нашақорлықты мониторингілеу

жүйелері бойынша байланысты органдары;
* есірткілерге сұранысты қысқарту сұрақтары бойынша аймақта жұмыс істейтін бүкіл халықаралық және жергілікті ұйымдар;
Жобаның екінші кезектегі бенефициарлар болып табылатындар:
* Жалпы тұрғылықты адамдар;
* есірткілерді пайдаланатын, әсіресе ЕИТП, тұрғылықтардың бір бөлігі;
* Жастар және басқа сезімталды топтар;
* ҮЕҰ (үкіметті емес ұйымдар) және азаматтық қоғамның ұйымдары.

**II.4 Жоба аяқталған кезде күтілетін жағдай**

Жоба аяқталғаннан кейін болатыны:
* Сұранысты қысқарту бойынша жаңартылған стратегиялар әзірленеді және енгізіледі, оларды жиі қарастыруға/жаңартуға мүмкіндіктер жасалады, осының ішіне жергілікті биліктердің насихаттарын және әрекеттерін күшейтуі енгізіледі;
* Есірткілерге сұранысты қысқарту және ВИЧ/СПИД-ті алдын алу жөніндегі жобалардың/шаралардың әсерлерін бағалау өткізіледі; бағалардың нәтижелері стратегияны және саясатты әзірлеу бойынша ұлттық әлеуетті арттыруға пайдаланады;
* Нашақорлықтың және ВИЧ/СПИД-тің шоғырланған ақпараттық және мониторингті жүйелері құралады.

Әсіресе, келесілер орындалады:
* Есірткілерге сұранысты қысқарту және ВИЧ/СПИД-ті алдын алудағы алдыңғы қатардағы тәжірибелер, жаңа стратегияларды түсіну және хабардар болушылық деңгейін көтеру;
* Зерттеулер нәтижесіне негізделген, есірткілерге сұранысты қысқарту және ВИЧ/СПИД-ті емдеу бойынша стратегиялық жоспарлаудың тетіктерін әзірлеу және енгізу;
* Есірткілерге сұранысты қысқартуға және ВИЧ/СПИД-ті алдын алуға әсерлі әрекеттенуге кедергі келтіретін саяси және құқықтық факторларды анықтау және талдау, оларды жеңуге болатын сәйкес кепілдемелерді дайындау және ұсыну;
* Есірткілерге сұранысты қысқарту және ВИЧ/СПИД-ті алдын алу жөніндегі шоғырланған стратегиялық бағдарламаларды ұлттық деңгейде және кейбір мақсатты салаларға әзірлеу;
* Саясатты әзірлеу, жүзеге асыру, үйлестіру, мониторингілеу және есірткілерге сұранысты қысқарту және ВИЧ/СПИД-ті алдын

алу бойынша бағдарламаларды және стратегияларды бағалау, бойынша ұлттық әлеуетін арттыру;

* Есірткілерге сұранысты қысқарту және ВИЧ/СПИД-ті алдын алу бойынша бағдарламалардың/шаралардың әсерлігін бағалауды өткізу; лауазымды тұлғаларға және мамандарға лайықты шешімдер қабылдау және стратегиялық жоспарлауды ұлттық деңгейде арттыру үшін нәтижелерін жеткізу;
* Есірткілерге сұранысты қысқарту, ВИЧ/СПИД-ті алдын алу, стратегиялық жоспарлау, нашақорлықтың эпидемиологиясын, бағдарламаның мониторингісін және бағалау саласындағы әсерлі әдістемелердің сұрақтары бойынша ұлттық сарапшыларды, лауазымды тұлғаларды, басқа мамандарды оқыту;
* Сәйкестікке келтірілген және аймақтық, халықаралық деңгейде салыстырылған нашақорлық және ВИЧ/СПИД бойынша индикаторлық мәліметтерді анықтау және белгілеу;
* БҰҰ-ның Комиссиясына Жылсайынғы (ARQ) Баяндамаларға және Екіжылдық (BRQ) Баяндамаларына Сауалнама бойынша мүше-мемлекеттердің, есірткі заттары бойынша есеп беру сапасын жақсарту;
* Әр түрлі деңгейде, саясатты әзірлеуге жауапты лауазымды тұлғаларға, зерттеушілерге және басқа мамандарға мерзім бойынша ақпаратты тарататын жергілікті, ұлттық және аймақтық деңгейлерде нашақорлық және ВИЧ/СПИД бойынша ақпараттық және мониторингті жүйелерін дамыту;
* Тәжірибемен айырбас жасау және саясатты әзірлеуге жауапты лауазымды тұлғаларға, мамандарға және әріптестерге ақпаратты тарату үшін жергілікті, ұлттық және аймақтық деңгейде эпидемиологиялық жүйесін дамыту.

## II.5 Жобаның стратегиясы

Орта Азиядағы ЮНОДК-тің жұмысы есірткілерге бақылау саласында шараларды күшейту бойынша ұлттық әлеуетті дамытуға және есірткілерді заңсыз айналдыруға оған сұранысты қысқартуға, ВИЧ/СПИД-тің таратылуына және ұйымдасқан қылмыстың деңгейін төмендетуіне және қылмысты алдын алуға күрделі және өлшемді нәтижелерге жету үшін бағытталған.

Ұсынған жоба Орта Азияда есірткілердің мәселесін шешу бойынша әсерлі жан-жақты шараларды жүзеге асыру үшін көзделген: (1) әсерлі басшылықты және үйлестіруді бекіту; (2) жасау, жүзеге асыру, мониторингтеу бойынша әлеуетті дамыту және әсерлі саясатты бағалау; (3) ақпараттық және нашақорлық бойынша есеп беру жүйесін арттыру арқылы.

Жобаның жұмысы келесі басымды бағыттарда жүргізіледі:

1.а) Есірткілерді бақылау бойынша стратегиясымен және бағдарламамен, ағымды саясатты белгілейтін құжаттармен және материалдармен танысу, төменде көрсетілген мақсаттарда:

- 1998 жылы БҰҰ-ның ГААС-ында қабылданған есірткілерге сұранысты қысқартуға арналған басымды қағидаларына олардың сәйкес келетінін бағалау;
- Ұлттық бағдарламаларды жетілдіруге және жүзеге асыру үшін техникалық көмектігіне зәрлілігін және қажеттілігін анықтау, әсіресе көпшілік деңгейінде;
- Есірткілер мәселесіне қарсы, кеңейтілген және келісімделген стратегиялық шаралары бойынша кепілдемелерді талқылауын және дайындауын бастамалау және көтермелеу;
- Ғылыми-негізделген және әсерлі бағдарламаларды/жобаларды дайындау бойынша тетіктерді дамытуды қолдау, қорларды/қаржы әсерлі тарту және осы бағдарламаларды практика түрінде жүзеге асыру.

Берілген құрамдас бөлік: (1) сарапшылық миссияларды, ақпараттық материалдарды зерделеу, кездесулерді, дөңгелек үстелдерді ұйымдастыру; (2) стратегиялық құжаттармен кепілдемелерді дайындау, құралдарды және методологияларды әзірлеу; (3 ) тәжірибемен және біліммен айырбас жасау, осымен қатар ең жақсы практика туралы ақпарат ұсыну арқылы жүзеге асады.

1.б) Есірткілерге сұранысты қысқарту және ВИЧ/СПИД-ті алдын алу ұлттық стратегиялық жоспарларды арттыру және ұлттық, жергіліктік (облыстық, қалалық, аудандық) стратегиялық жоспарларды әзірлеуді қолдау.

Осы құрамдас бөліктің шектеулігінде, жобаның әрекеттері нашақорлық мәселелерін шешу үшін ұлттық және жергілікті билік органдарының жұмыстарының белсенділігін оятуға бағытталады. Жағдайды бағалау, қарсы шараларды талдау, кірісуді жоспарлау және қорларды жұмылдыруға құралған, ұлттық және жергілікті жұмыс топтарын оқыту және әлеуеттілігін арттыру арқылы ұлттық және/немесе жергілікті стратегиялық бағдарламаларын әзірлеуді қолдайды.

2. Есірткілерге сұранысты қысқарту бойынша таңдалған бағдарламалардың/ жобалардың нәтижесін бағалау осының ішінде алдын алу, емдеу/реабилитациялау және зиянын төмендету салаларындағы шаралар.

Осы құрамдас бөліктің шектеуіндегі шаралар, саясатты әзірлеуге және бағдарламаны жоспарлауға жауапты тұлғаларды бағдарламаларды және саясатты бағалау өткізудің негізіне оқытуға арналған. Бағалауды өткізудің методологиялары және құралдары бойынша субрегионалды оқыту семинарларын өткізу және ұйымдастыру арқылы, сонымен қатар жоба жағынан техникалық қолдауды тұрақты

түрінде қамсыздандыру жолымен, есірткілерге сұранысты қысқарту бойынша бағдарламалардың/жобалардың/шаралардың әсерлігін және нәтижелігін бағалау жүргізіледі. Өткізілген бағалаулардың нәтижелері, саясатты және бағдарламаны түрлендіруге, арттыруға пайдалану үшін, лайықты басшыларға ұсынылады.

3. Ұлттық ерекшеліктерін ескере және халықаралық стандарттарда, қағидаларда және процедураларда негізделген, нашақорлықтың және ВИЧ/СПИД-тің мониторингісінің жиынды ақпараттық жүйесін жергілікті, ұлттық және субрегионалды деңгейде дамыту.

Бұл саланың жұмысы ақпараттық жүйелерін құрауға және оны арттыруды енгізеді, есірткілерді зиян түрінде пайдалану көлемін және олармен байланысты мәселелерінің көлемін, саясатты әзірлеуге жауапты аналитиктерге және тұлғаларға ұлттық және субрегионалды деңгейде бағалауға мүмкіндік береді, сонымен қатар есірткілерге сұранысты қысқарту бойынша әсерлі стратегияларды және шараларды арттыру мақсатымен осындай жүйелерді құруды қолдау. Ұлттық және аймақтық ақпараттық жүйелерін арттыру шаралары, түбінде есірткіні зиян түрінде пайдалану көлемін қысқартуға байланысты шаралар туралы есеп беру тетігінің сапасын жоғарлату мақсатын қудалайды. Есірткілермен зиянды түрінде пайдалану көлемін бағалау бойынша ЮНОДК-тің Глобалды Бағдарламасымен тығыз өзара қатынасымен, берілген жоба келесі шараларды орындайды:

- Нашақорлықтың және ВИЧ/СПИД-тің мониторингісінің ақпараттық жүйесін қала деңгейінде әрі қарай дамыту және осы пилоттық бастаманы Орта Азияның әр еліндегі 3-4 қалаларына кеңейту;
- Есірткілерді зиянды түрінде пайдалану көлемін бағалау бойынша ЮНОДК-тің Глобалды Бағдарламасының шектеуімен әзірленген методологиялық құралдарды (оқыту модульдарды) пайдаланумен нашақорлық және басқа эпидемиологиялық концепциялары бойынша жиынды ақпараттың жүйелерін дамыту мәселесі жөнінде оқыту өткізу;
- Әр таңдалған қалада/облыста іріктелген байланыс жасайтын тұлғаларды қажетті жабдық жиынтығымен (компьютермен, принтермен, факспен, модеммен және интернет-қосумен) қамсыздандыру;
- Хаттамаларды, алдыңғы индикаторлық мәліметтерді жинау методологиясын, әзірлеу және үйлесімдеу, осымен қатар тренинг-семинар арқылы оларды практикаға енгізуді қолдау, мәліметтерді басқару саласын қолдау, сәйкес мүдделі жақтағы ақпаратты тарату және талдау;
- Аймақтық, ұлттық және субрегионалды жүйелерін дамытуды қолдау, осымен қатар ұлттық байланыс тұлғалар арасында

ақпаратпен, тәжірибемен айырбас жасауды көтермелеу;

- Ұлттық және аймақтық деңгейдегі нашақорлық туралы мәліметтер жинауға ұлттық байланыс тұлғаларға техникалық көмек көрсету, және ООН-ның жылсайынғы, екіжылдық мерзімді баяндамаларға сауалнамаларды толтыруды және толық көлемде ұсынуды қолдау;
- Эпидемиологиялық көрсеткіштің басы болып табылатын, нашақорлық таратылғаны туралы бағалау жүргізуді қолдау;
- Жастар арасында нашақорлықтың таратылу деңгейін анықтау үшін мектептерде зерттеулерді жоспарлауды және өткізуді қолдау.

## II.6 Орындау тетігі

ЮНОДК-тің штаб-пәтерінің лайықты техникалық және басшылық бөлімдерімен тығыз үйлесумен жоба Орта Азиядағы ЮНОДК-тің Аймақтық Өкілдігімен орындалады .

## II.7 Орындауға және үйлестіруге дайындық

Жобаның бүкіл мерзіміне есірткілерге сұранысты қысқарту және ВИЧ/СПИД-ті алдын алу мәселесі жөнінде халықаралық кеңесші тартылады, оның жұмысы аймақтағы сұранысты қысқарту бойынша жобалармен және 2004-2005 [1] жылдардың UNAIDS UBW глобалды бағдарламасының қорымен бірлесіп қаражаттандырылады. Жобаны күнделікті басшылауға кеңесші жауапты болады, осымен қатар ЮНОДК-тің аймақта есірткілерге сұранысты қысқарту жөніндегі берілген және басқа жобаларға техникалық және стратегиялық қолдау көрсетеді. Ерекше сұрақтарды шешу үшін халықаралық және жергілікті сарапшы/консультанттарды қысқа мерзімділік негізінде жалдау арқылы қосымша көмек тарту жолымен. Есірткілерді зиян түрінде пайдалану (GAP) масштабын бағалау жөніндегі ЮНОДК-тің глобалды Бағдарламасы және ВИЧ/СПИД бойынша ЮНОДК-тің бөлімшелері, есірткілер және ВИЧ/СПИД бойынша мәліметтерді және ақпараттарды жинау жүйесін әзірлеуіне лайықты техникалық көмек көрсетеді.

Жоба, ЮНОДК-тің ағымды бағдарламаларымен/жобаларымен тығыз үйлесумен және басқада ПРООН, ЮНИСЕФ, ЮНЕСКО, ВОЗ, ЮНФПА, ОБСЕ, Әлемдік БАНК, ЮСАИД, ЕС, Ашық Қоғам Институты сияқты халықаралық көпжақты және екіжақты ұйымдармен жүзеге асады. Халықаралық кеңесшінің рөлі, аймақта есірткілерге сұранысты қысқарту бойынша ЮНОДК-тің бүкіл ағымды/жоспарланған жобаларын үйлестіруде және қарым-қатынасты белгілеуде тұрады.

Берілген жобаны жүзеге асыруға қатысатын әр ел, есірткілерді бақылау бойынша Мемлекеттік Комиссиясынан/Комитетінен/Агенттіктен немесе Денсаулық министерствосынан, берілген жобаны жалпы үйлестіруге және жүзеге асыруын бақылау үшін жоғары дәрежелі лауазымды тұлға тағайындайды. Берілген жауапты лауазымды тұлғалар, Орта Азиядағы ЮНОДК-тің Аймақтық Өкілділігімен және

жобаның халықаралық кеңесшісімен бірге, жобаны жүзеге асыру жолын бақылайтын, оның орындауына ықпал беретін, жұмыс жоспарларын бекітетін және жобаның есеп беруіне түсініктер ұсынатын Жобаның Басшылық Комитетін құрайды.

## III. Шаралардың мақсаттары, нәтижелері

Орта Азия елдеріне есірткілерге сұранысты қысқарту үшін күрделі және өлшеуге көнетін нәтижелеріне жетуіне қолдау көрсету және есірткіні инъекция түрінде қолданатындардың арасында ВИЧ/СПИД-тің таратылуын бақылау Орта Азияда есірткілерге сұранысты қысқарту бойынша ЮНОДК-тің негізгі мақсаты болып табылады.

Жобаның жалпы мақсаты - 1998 жылы БҰҰ-ң ГААС-ында қабылданған басшылық қағидаларға сәйкес және 2001 жылы БҰҰ-ң ГААС-ында ВИЧ/СПИД-ті алдын алу негізгі кепілдемелерін ескере есірткілерге сұранысты қысқарту және ВИЧ/СПИД-ті алдын алу бойынша ғылыми-негізделген және әсерлі стратегияларды жүзеге асыруды елдерге мүмкіндік беретін жағымды жағдайды дамытуды қолдау.

1. Міндет: Есірткілерге сұранысты қысқарту және ВИЧ/СПИД-ті алдын алу мәселесінде елдерге техникалық басшылық және қолдау көрсетуде ЮНОДК/РПЦА-ның әлеуетін бекіту.

1. Нәтиже: Саясатты қолдау және техникалық көмектесу үшін әсерлі тетік құралды және ол жұмыс істейді.

Бірінші шаралар:

1.1 Негізгі әріптес-ұйымдармен жұмыстық қарым-қатынас белгілеу

1.2 Ағымды ұлттық саясатты, есірткілерге сұранысты қысқарту және ВИЧ/СПИД-ті алдын алу бағдарламаларын және стратегияларын зерделеу

1.3 Техникалық қолдауда және кеңестік көмекте кемшіліктерді және қажеттіліктерді анықтау

1.4 Анықталған қажеттіліктерінің негізінде техникалық басшылық және кеңестік көмек көрсету

1.5 Есірткілерге сұранысты қысқарту және ВИЧ/СПИД-ті алдын алу саласында ұлттық стратегияларды жүзеге асыруға үзілмес сарапшылық көмек көрсету үшін тетіктер әзірлеу және оларды енгізу

1.6 Есірткілерге сұранысты қысқарту және ВИЧ/СПИД-ті алдын алу бойынша әсерлі бағдарламаларға және стратегияларға әр түрлі тематикалық жұмыс семинарларын ұйымдастыру.

2. Міндет: Есірткілерге сұранысты қысқарту және ВИЧ/СПИД бойынша ағымды шаралардың әсерлігін бағалауды өткізу үшін лайықты жүйелерді және мүмкіндіктерін әзірлеу және енгізу.

2. Нәтиже: Есірткілерге сұранысты қысқарту және ВИЧ/СПИД-ті алдын алу

бағдарламаларын/шараларын әр түрлі кезде және деңгейде бағалауды өткізу үшін жергілікті мамандар лайықты білімдерге, әдеттерге дайындалған және оқытылған. Нашақорлықты алдын алу, зиянын төмендету, емдеу бойынша кейбір бағдарламалардың/шаралардың әсерлігін бағалауы өткізілді, нәтижелері лайықты лауазымды тұлғаларға ұсынды.

Бірінші шаралар:

2.1 Техникалық тапсырмаларды, функционалды міндеттерді әзірлеу және әсерлікті бағалауды өткізуге арналған ұлттық топтарды құрастыру

2.2 Әр түрлі деңгейде нашақорлықты алдын алу, емдеу, зиянын төмендетуді жүзеге асыру (процесін, нәтижесін, әсерліген бағалау) жөнінде жұмыстардың/бағдарламалардың методологиясы және қағидалары бойынша жұмыс семинарларын өткізу

2.3 Нашақорлықты алдын алу, емдеу және ВИЧ/СПИД-ті алдын алу ағымды және жоспарланатын бағдарламаларға міндетті құрамдас бөлігі ретінде, бағалауды енгізу және ұлттық жоспарларды әзірлеуге қолдау көрсету

2.4 Есірткілерге сұранысты қысқарту және ВИЧ/Спид-ті алдын алу бойынша кейбір бағдарламаларды/жобаларды бағалауын өткізуге техникалық және қаражаттық қолдау көрсету

2.5 Өткізілген бағалау бойынша нәтижелерін әзірлеуге және таратуға қолдау көрсету.

3. Міндет: Сұранысты қысқарту қағидаларына сәйкес, таңдаулы пилоттық облыстарда есірткілерге сұранысты қысқарту және ВИЧ/СПИД-ті алдын алу жөніндегі стратегиялық жоспарлауға және стратегияны жүзеге асыруға ықпал жасау.

3. Нәтиже: Ұлттық және жергілікті/муниципалды деңгейде есірткілерге сұранысты қысқарту және ВИЧ/СПИД-ті алдын алу бойынша стратегиялық бағдарламалар әзірленді; оларды орындау тетіктері әзірленді және енгізілді.

Бірінші шаралар:

3.1 Ұлттық және жергілікті деңгейде есірткілерге сұранысты қысқарту және ВИЧ/СПИД-ті алдын алу бойынша бағдарламаларды стратегиялық жоспарлау үшін ұлттық жұмыс топтарын құрастыру, техникалық тапсырыстарды және функционалды міндеттерді әзірлеу

3.2 Есірткілерге сұранысты қысқарту және ВИЧ/СПИД-ті алдын алу бойынша стратегияларды және стратегиялық жоспарларды әзірлеу, жүзеге асыру үшін ұлттық жұмыс топтарымен келісімі бойынша, басымды облыстарды/қалаларды таңдап алу

3.3 Есірткілерге сұранысты қысқарту және ВИЧ/СПИД-ті алдын алу жөнінде жұмыстың стратегиялық жоспарлауды әзірлеу процесі, деңгейі бойынша жұмыс семинарын өткізу

3.4 Жағдайды зерделеу процесіне, қарсы шараларды талдауды, стратегиялық жоспарлауды және қорды жұмылдыруды, әр деңгейде, кеңестер арқылы ықпалдау

3.5 Әзірленген стратегиялық жоспарларды және жұмыстарды жүзеге асыру үшін ұлттық және жергілікті әріптестердің қолдаумен кепілдену

3.6 Стратегиялық жоспарларды әр деңгейде орындау үшін үзілмес техникалық қолдау көрсету

4. Міндет: Нашақорлықтың және ВИЧ/СПИД-тің жергілікті, ұлттық және аймақтық деңгейде таратылу мониторинг және ақпараттық жүйелерін арттыру.

4. Нәтиже: Нашақорлықтың және ВИЧ/СПИД-тің ақпараттық және мониторингі шоғырланған жүйелері, халықаралық деңгейде қабылданған, балансталған бірінші көрсеткіштеріне және оларды жинау үшін арналған тұрақты методологияларына негізделген жергілікті, ұлттық және аймақтық деңгейлердегі эпидемиологиялық жүйелері жұмыс істейді.

Бірінші шаралар:

4.1 Нашақорлықты және ВИЧ/СПИД-ті алдын алу бойынша ұлттық эпидемиологиялық топтарды кеңейту үшін мақсатты облыстарды/қалаларды таңдап алу

4.2 Нашақорлықтың және ВИЧ/СПИД-тің ақпараттық және мониторинг жүйелері бойынша байланыс ұйымдарды анықтау

4.3 "Нашақорлық және ВИЧ/СПИД бойынша шоғырланған ақпараттық жүйелерін дамыту" жөнінде жобаның байланысты тұлғалары үшін аймақтық жұмыс семинарларын ұйымдастыру

4.4 жаңа мәліметтерді жинауын жүзеге асыру және осы мәліметтерге негізделген есеп беруді орындау үшін, басымды эпидемиологиялық көрсеткіштерін және тетіктерін қолдау бойынша жұмыс жоспарларын және методологияларын дайындау

4.5 Байланыс ұйымдарға қажетті жабдықтар және көмек түрінде қаражаттандыруды ұсыну

4.6 Нашақорлық және ВИЧ/СПИД бойынша ақпараттық және эпидемиологиялық жүйелерін жақсартуға арналған ресми ереже белгілейтін акттарды әзірлеуді және енгізуді ықпалдау

4.7 Мәліметтерді жинауда, оларды талдауда және есеп беруде

байланыс ұйымдарды үзілмес техникалық және методологиялық қолдаумен қамсыздандыру

4.8 Аймақтық жұмыс семинарларын келесі тақырыптар бойынша ұйымдастыру: жылсайынғы есеп беру сауалнамасына және саясатты әзірлеуде оларды қолдану үшін мәліметтерді жинау және түсінік беру; нашақорлық және ВИЧ/СПИД бойынша эпидемиология үшін мәліметтерді негіз түрінде талдау; көлемді зерттеулер және бір орынға тіркелген зерделеулер; нашақорлық және ВИЧ/СПИД бойынша эпидемиологиясының этикалық аспекттерін және қағидаларын зерттеу; есірткіні инъекция түрінде пайдалану және осыған байланысты ВИЧ жағдайларының мәселелерінің мониторингісі және емдеу бойынша есеп беру;

4.9 Оқушылар арасында есірткілерді пайдалануды зерттеулер жүргізу және оны жоспарлауды қолдау

4.10 Нашақорлық және ВИЧ/СПИД-ті және эпидемиологиялық жүйелерін мониторингілеу бойынша байланысты тұлғаларға ұлттық және аймақтық шолу кездесулерді ұйымдастыру және ақпаратпен өзара айырбас жасауды ықпалдау

4.11 Нашақорлық және ВИЧ/СПИД бойынша аймақтық, ұлттық және облыстық есеп берулерді жариялауды және таратуды әзірлеуге қолдау көрсету.

## IV. Салымдар

### Үкіметтердің салымы

Жобаға қол қойған елдерінің үкіметтері, жобамен жұмыс істеуге тағайындалған өздерінің ұлттық мамандарын төлемақымен қамсыздандырады және сәйкес шығындарды жабады, егерде бұл қаражаттар тікелей ЮНОДК-тың жағынан төленбесе.

Жобаға қол қойған елдерінің үкіметтері, келіссөздер және үйлестіру кездесулеріне жағдай жасайды.

Жобаға қол қойған елдерінің үкіметтері, БҰҰ-ң қызметкерлеріне, кеңесшілерге, донор-елдерінің өкілдеріне және виза жобасының қызметкерлері үшін қауіпсіздікке қажетті шарттар және аймақ бойынша төлемақысыз жұмыспен жүруді ұйымдастыруды қамсыздандырады және халықаралық мониторинг бойынша аймақта кездесулерге төлемақысыз жағдай жасайды.

### ЮНОДК-тің салымы

Берілген жобаға ЮНОДК-тің жалпы салымы US$ 348,000 құрады қосымша шығындарды (13%) ұстап қалғанда. Бұл жобаның бүкіл мерзімінде, есірткілерге сұранысты қысқарту және ВИЧ/СПИД-ті алдын алу мәселелері бойынша халықаралық кеңесшінің қызметін бірлесе қаражаттандыру; әкімшілік қосымша персоналды және бағдарламаның/жобаның ұлттық штатын қаражаттандыру; кездесулердің және

тренингтердің шығындарын; жоба бойынша қызметтік іс-сапарлардың шығындарын; жабдықтарға; жергілікті мекемелерге шарттарға және гранттарға кететін шығындарды енгізеді.

## V . Болжаулар және қауіп

**Болжаулар:**

* 1998 жылы және 2001 жылы БҰҰ-ның ГААС-ында қабылданған Саяси Декларацияның және есірткілерге сұранысты қысқарту бойынша басымды қағидалары туралы Декларацияның пункттерін Үкіметтер орындауға дайын;

* Үкіметтер, берілген жобаны орындауда қажетті ЮНОДК-пен ынтымақтасуға және қажетті қолдау көрсетуге дайын.

* Есірткілерге сұранысты қысқарту және ВИЧ/СПИД-ті алдын алу бойынша ұлттық және жергілікті стратегиялық жоспарларды лайық қаржылау қамсыздандырылады.

**Қауіп:**

* Берілген жоба бойынша оқытылған қызметкерлер, оқудан кейін өз жұмыс орнын тастап кетеді.

* Берілген жоба бойынша табыс еткен жабдықтар, өз саласында пайдаланбайды.

## VI. Алдыңғы міндеттер және шарттар

Берілген жобаға ЮНОДК қол қояды, егерде келесі міндеттерді орындауымен қанағатталса:

- Үкімет, берілген жоба бойынша ұлттық байланыс ұйымдар ретінде шығатын агенттіктерді және басшы қызметтік тұлғаларды анықтайды және ЮНОДК-қа олардың байланыс бөліктерін ұсынады.
- Жобалы құжаттың бірінші бетіне, Үкіметпен тағайындалған, ұлттық байланыс тұлғасы қол қою керек.

ЮНОДК-тың жағынан ықпал көрсету, жоғарыда аталған міндеттерді толық орындауына тәуелді. Бір немесе бірнеше міндеттерді орындамағанда, ЮНОДК, өз қарауы бойынша көмек көрсетуді тоқтатуға немесе бітіре алады.

## VII. Жобаның мониторингісі, есеп беру және бағалау

Берілген жобаны, кез келген деңгейінде Үкімет және ЮНОДК бірігіп қайта қарауы болады. Жобаны қайта қарау бойынша керек кезінде ЮНОДК-тің миссиясына Үкімет ықпал көрсетеді. Берілген жоба, БҰҰ-ның ішкі аудит Қызметі және БҰҰ-ның тәуелсіз аудиторлар Кеңесі жағынан тексеруге жатады. Олардың сұрауы бойынша, жобалы құжатқа қол қойған жақтар, аудиторлар құжаттарға, хат жазысуға, есеп шоттарға, шығын жазуларына және жоба бойынша инвентарлық тізімдермен жұмыс істеуін қамсыздандырады.

Берілген жобаны орындау мониторингісі Орта Азиядағы ЮНОДК-тің Аймақтық

Өкіліне арттырылады.

Берілген жоба басталғаннан кез келген уақытта және оның аяқталған кезінен 12 айдың ішінде ЮНОДК бағалау өткізуі мүмкін. Кез келген бағалау топты тартқанға дейін функционалды міндеттер, кез келген бағалауды жүргізудің мақсаты және ұзындылығы, алдын ала Үкіметпен келістіріледі. Қорытынды бағалауды өткізу (сыртқы ) жобаның бюджетімен көзделген және қысқартуға немесе жоюға жатпайды, жобалы құжатқа немесе оның қайта қаралған түріне қосылатын жобаның бүкіл жағы арасындағы жазбаша келісімнен басқа. Қорытынды бағалау жобаның аяқ кезінде өткізіледі.

Үкіметтермен, атқарушы агенттікпен және ЮНОДК-пен өткізілетін үш жақты шолу (бірлескен шолу), әр 12 айдың ішінде бір рет жүргізіледі. Соңғы үш жақты шолу жобаның аяқталуына 4 ай қалғанда өткізіледі.

## VII. Құқықтық контекст

БҰҰ-ның Дамыту Бағдарламасымен Келісімге қол қойған Келесі Үкіметтер, ЮНОДК-қа берілген жобаның шектеуімен көрсетілген, белгілеген уақытта, берілген Келісім, mutatis mutandis, қолғабыс тигізуге пайдаланумен келіседі. Келісімнің, әсіресе IX Бап (Артықшылықтар және иммунитеттер) және X Бап (ПРООН-ға көмектесуді орындау үшін шарттар) берілген жобаның шектеуі бойынша ЮНОДК-тің жұмысына қолданатыны туралы Үкіметтер растайды.

| | |
|---|---|
| Қазақстан Үкіметі | 1994 жыл 4 қазан |
| Қырғызстан Үкіметі | 1992 жыл 14 қыркүйек |
| Тәжікстан Үкіметі | 1993 жыл 1 қазан |
| Түркменстан Үкіметі | 1993 жыл 5 қазан |
| Өзбекстан Үкіметі | 1993 жыл 10 маусым |

Берілген жобалы құжаттағы қағидалар, Келісімдегі қағидалардан жоғары және " ПРООН-ның жобалы құжатына қосымша Стандартты пункттер" (екі стандартты мәтіннің қайсы пайдаланатынына қарамай) стандартты мәтінде қолданатындар, моделді құжаттағы бағдарламалар және белгілеулер арасында пайда болатын келіспеушіліктер жағдайында.

### а. Міндеттер туралы пункттер

Олардың аумағында пайда болған, жабдықты әкелу, оны тасымалдау, өңдеу, сақтау және басқа шығындарға байланысты кедендік бажды және басқа төлемақыларды төлейтін шығындарды Үкіметтер өзіне алады.

Берілген жоба бойынша, мемлекеттік құрамдарға немесе аймақтық/ұлттық/ жергілікті органдарға, ЮНОДК-пен сатып алынған жабдық елге келгеннен кейін жабдық Үкіметтердің жеке меншігіне ауысады. Жеке меншікке берілгеннен кейін, жабдықты лайықты сақтауға, оны орнатуға, қызмет көрсетуге, сақтандыруға және керек кезінде жабдықты ауыстыруға Үкіметтер жауапкершілік тартады. Әрі қарай ЮНОДК жабдық үшін ешқандай заңды жауап тартпайды.

ЮНОДК-пен сатып алынған бүкіл жабдық, бағдарламалық қамсыздандыру, материалдар, шығынды материалдары және осы жобаны орындау үшін қаражаттандыру, жобаның мақсаттарына ғана пайдаланылады. Бүкіл ұсынған жабдық және материалдар ООН-ның ережелеріне және басшылығына сәйкес пайдаланылады.

Үкіметтер, БҰҰ-ға, ішінде ЮНОДК-та бар, оның персоналына немесе ООН-ның атынан қызмет көрсететін басқа тұлғаларға қарсы, үшінші жақпен қойылған талаптарды шешуге жауапты болады, егерде берілген Келісімнің шектеуіндегі әрекеттер бойынша наразылық пайда болса, осы тұлғалар жағындағы салақтылықтан немесе әдейі бұзушылықтан, берілген назарылықтар және талаптар пайда болуын БҰҰ және ЮНОДК қабылдаған жағдайлардан басқасын.

Үкіметпен, АЕК-нен немесе ООН-ның басқа агенттіктерімен (ЮНОДК-тан басқа) тартылған персонал, кеңесшілер, немесе басқа тұлғалар ресми міндеттерін орындау жолында алынған жарақаттың немесе аурудың арқасында өлім жағдайы немесе мүгедектік пайда болғанда, жобаны жүзеге асыру жолында, өтемақы төлеуге ЮНОДК жауапты емес екенін бүкіл жақтар түсінеді. Осындай жағдайда төленетін өтемақының оны толтыру туралы өтініштермен ЮНОДК-қа шағымдалмайды, берілген жоба бойынша Үкіметпен, ҮЕҚ-мен, және ООН-ның басқа агенттіктерімен жұмысқа орналастырылған тұлғаларға, осындай жағдайда қажетті өтемақылар көзделген және бүкіліне қолданылады екенін осымен растайды.

### b. Келісімнен шығу туралы пункт

Берілген жоба бойынша ЮНОДК-тың жұмысын жүзеге асыру жыл сайын лайықты қаражаттандырылуға тәуелді. Қолдағы қаражаттар міндетті түрде, жылсайынғы бюджеттен қаражат бөлу жолымен, шығындарды есептеу, жыл сайынғы жұмыс жоспарына негізделе берілген жобаны іске асыруға бағытталады. Қажетті қаражаттандырылу жоқ болса ЮНОДК бір жақты тәртіп түрде берілген жоба бойынша қолдау көрсетуді қысқарту құқығын өзінде қалдырады.

### c. Жобаны қайта қарау

Жобаның бүкіл жақтар арасында жазбаша келісім бар болғанда жобалы құжатқа өзгерістер енгізілуі мүмкін. Жобалы құжатта көзделмеген, кез келген күрделі сұрақ, ООН-ның лайықты органдарының шешімдеріне және сәйкес қаулыларға келістіріліп жобаның жақтарымен реттелу керек. Осы параграфқа сәйкес әр жақ басқа жақтың кез келген ұсынысын тәпі және суық қарау керек.

## IX. Бюджет

**FO/UZB**

| Бап | Сипаттама | 2004 | 2005 | 2006 | Сомасы |
|---|---|---|---|---|---|
| 15-00 | Сапарлар | 2,000 | 4,000 | 2,000 | 8,000 |
| 15-99 | Сапарларға арналған сома | 2,000 | 4,000 | 2,000 | 8,000 |
| 13-00 | Көмекші әкімшілік персонал | 3,000 | 6,000 | 3,000 | 12,000 |
| 16-00 | Персоналға арналған басқа | 0 | 0 | 10,000 | 10,000 |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | шығындар | | | | |
| 17-00 | Ұлттық персонал және жобаның кеңесшілері | 7,000 | 10,000 | 8,000 | 25,000 |
| 19-99 | Персоналға арналған сома | 10,000 | 16,000 | 21,000 | 47,000 |
| 21-00 | Суб-мердігерлік | 6,000 | 7,000 | 7,000 | 20,000 |
| 22-00 | Гранттар | 20,000 | 15,000 | 0 | 35,000 |
| 29-99 | Суб-мердігерлікке сома | 26,000 | 22,000 | 7,000 | 55,000 |
| 31-00 | Тренинг | 40,000 | 25,000 | 25,000 | 90,000 |
| 35-00 | Сарапшы топтардың кездесуі | 9,000 | 5,000 | 5,000 | 19,000 |
| 39-99 | Тренингке сома | 49,000 | 30,000 | 30,000 | 109,000 |
| 41-00 | Шығын жабдық | 1,000 | 1,000 | 1,000 | 3,000 |
| 42-00 | Ұзын мерзімді жабдық | 25,000 | 0 | 0 | 25,000 |
| 49-99 | Жабдық сомасы | 26,000 | 1,000 | 1,000 | 28,000 |
| 51-00 | Жабдықты пайдалану және оған қызмет көрсету | 4,200 | 3,400 | 1,600 | 9,200 |
| 52-00 | Есеп беру шығыны | 1,000 | 1,000 | 0 | 2,000 |
| 53-00 | Басқа шығыстар | 0 | 0 | 400 | 400 |
| 59-99 | Басқа шығыстар сомасы | 5,200 | 4,400 | 2,000 | 11,600 |
| 90-99 | Жобаның өзаралық сомасы | 118,200 | 77,400 | 63,000 | 258,600 |
| 56-02 | ЮНОДК-та ВРП (11%) | 13,000 | 8,500 | 6,900 | 28,400 |
| 99-99 | Барлығы | 131,200 | 85,900 | 69,900 | 287,000 |

О В

| Бап | Сипаттама | 2004 | 2005 | 2006 | Сомасы |
|---|---|---|---|---|---|
| 11-00 | Халықаралық сарапшы (L4) (10 ай) | 25,000 | 50,000 | 25,000 | 100,000 [1] |
| 56-02 | ЮНОДК-та ВРП (13%) | 3,300 | 6,500 | 3,200 | 13,000 |
| 99-99 | Барлығы | 28,300 | 56,500 | 28,200 | 113,000 |

Жобаның жалпы сомасы 400,000

(1) ВИЧ/СПИД мәселесі бойынша халықаралық кеңесшінің қаламақысы GLO/G32 (US$ 135,000) қаражатынан жабылады. RER/H36 және RER/H37 екі аймақтық жоба, бірлесіп төлеу негізінде толық екі жылдық мерзімнің айрықшылығын жабады US$ 100,000 және US$ 20,000 сәйкес.

1 ҚОСЫМША

**Есірткілерге сұранысты қысқарту және ВИЧ/СПИД-ті алдын алу мәселесі бойынша Халықаралық кеңесшісіне**

**ТЕХНИКАЛЫҚ ТАПСЫРМА**

**Қызметі:** Есірткілерге сұранысты қысқарту және (L-4)ВИЧ/СПИД-ті алдын алу мәселесі бойынша Халықаралық кеңесші

**Орналасқан жері:** Орта Азия

**Ұзындылығы:** 24 ай

**Қызметтік міндеттер:**

ЮНОДК-тің Аймақтық Өкілінің жалпы басшылығымен және глобалды шақыру бойынша Секцияның техникалық басшысымен, есірткілерге сұранысты қысқарту және нашақорлықпен байланысты, ВИЧ/СПИД-ті алдын алу мәселесі жөнінде Орта Азия Үкіметтеріне Кеңесші техникалық және кеңестік көмек беруіне жауапты болады, және елдерге осы салада ұлттық бағдарламаларды әзірлеуге және орындауға ықпал көрсетеді . Кеңесші, алдын алу, емдеу және реабилитациялау стратегияларын әзірлеуге қолдау көрсетеді, есірткілерге сұранысты қысқарту жөніндегі саясат және ВИЧ/СПИД бойынша саясатты ұлттық деңгейде шоғырлануға және үйлестіруге ықпал жасайды. Есірткілерге сұранысты қысқарту жөнінде, олардың ВИЧ/СПИД бойынша құрамдас бөліктерін енгізе, ЮНОДК-тың ағымды/жоспарланған жобалары арасындағы байланысты және үйлесімді белгілеуге; ВИЧ/СПИД бойынша ООН-ның Бірлескен Бағдарламасымен (ЮНАИДС) және оның Ко-демеушілерімен, ООН-ның басқа агенттіктерімен, халықаралық ұйымдармен және Орта Азияда есірткілерге сұранысты қысқарту және ВИЧ/СПИД-ті алдын алу саласындағы әріптестермен өзара қатынасуды және ынтымақтастықты қолдау; ЮНОДК-тің Ортаазиялық есірткілерге сұранысты қысқарту жөнінде под-программаның шектелуімен есірткілерге сұранысты қысқарту және ВИЧ/СПИД-ті алдын алу бойынша бірінші қатардағы әсерлі нәтижені анықтау және қолдануға ықпал жасау, нашақорлықты алдын алу және емдеу сұрақтарын шешу, осымен қатар нашақорлық және ВИЧ/СПИД бойынша мәліметтерді жинау және талдау жүйесін арттыру; нашақорлық және ВИЧ/СПИД-тің таратылу мәселелерін әсерлі шешетін, стратегияларды әзірлеу және орындау ұлттық мүмкіндіктерін бекіту үшін ЮНОДК/РПЦА-ны қолдау; техникалық есеп беруді және басқа құжаттарды әзірлеуге көмектесу немесе тікелей әзірлеу.

Кеңесші әсіресе:

* Нашақорлық және ВИЧ/СПИД мәселелерін зерттеуде үкіметтерге қолдау көрсету, оларды шешу шараларын анықтау, ұлттық жоспарларды қысқа әрі дәл жеткізу, қарастыру және жобалық/жоспарлық ұсыныстарды дайындау;
* Есірткілерге сұранысты қысқарту және ВИЧ/СПИД-ті алдын алу жөніндегі саясатты әзірлеу, үйлестіру, мониторингтеу және

бағдарламаларды бағалау бойынша ұлттық әлеуетті арттыру үшін үкіметтерге ықпал жасау;

* Нашақорлық және ВИЧ/СПИД мәселелері бойынша насихаттау науқанында, дөңгелек үстелде, конференцияларда, тренингтерде және басқа кездесулерде қатынасу және ұйымдастыру;
* ВИЧ/СПИД-тің мәселелері бойынша ЮНАИДС-пен, осымен қатар ВИЧ/СПИД-ті алдын алу мәселелері бойынша ЮНАИДС-тың басқа ко-демеушілерімен байланысты тұлға ретінде шығу;
* ВИЧ/СПИД және нашақорлық таратылумен күресуге тартылған ЮНАИДС-пен және оның демеушілерімен, ООН-ның басқа агенттіктерімен, халықаралық ұйымдармен және жақтармен үйлестіруге ЮНОДК/РПЦ-ға қолдау көрсету;
* Арнайы ведомствоаралық жұмыстарға ішінде ВИЧ/СПИД бойынша ООН-ның мәтіндік тобының жұмысы, (ССА) елдеріндегі жалпы жағдайларды Зерделеу жұмысына, (ЮНДАФ) Дамыту бойынша ООН-ның қолдау бағдарламасымен шектеулі әрекеттерде және т.б. жұмыстарда белсенді қатынасу;
* Нашақорлықты және ВИЧ/СПИД-ті алдын алу және емдеу жаңа тәсілдері туралы және басқа сәйкес материалдарды, зерттеулер бойынша есеп беруді қарастыру, талдау және бағалау;
* Зерттеушілермен, ғылымда сәйкес саласының өкілдерімен және бүкіл әлемде дағдыланған мамандармен өзара қатынасу;
* Нашақорлықты және ВИЧ/СПИД-ті алдын алу және емдеу үшін бірінші қатардағы тәжірибені таратуды қолдау;
* Нашақорлық және ВИЧ/СПИД арасындағы байланыс туралы эпидемиологиялық мәліметтерді және ақпаратты қарастыру, талдау және бағалау;
* Нашақорлық және ВИЧ/СПИД бойынша біртұтас ақпараттық және мониторинг жүйелерін әзірлеуге ықпал жасау;
* Нашақорлық және ВИЧ/СПИД бойынша ұлттық және аймақтық эпидемиологиялық жүйелерге қолдау көрсету;
* Облыстық және ұлттық деңгейдегі нашақорлыққа байланысты ВИЧ/СПИД-тің мәселесі бойынша қарсы шараларды жоспарлау және қажеттілігін зерттеуге техникалық кеңестік көмек және басшылық ұсыну;
* Олардың техникалық негіздемесін және сәйкестігін белгілеу үшін жобалық ұсыныстарды және басқа есеп берулерді қарастыру;

* Есірткілерге сұранысты қысқарту және ВИЧ/СПИД-ті алдын алу бойынша әр түрлі бағдарламаларды/жобаларды/шараларды мониторингтеуге және бағалауға ықпал көрсету;
* Техникалық есеп беруге және штаб-пәтерге, Үкіметке, донорларға есеп беру сияқты басқа құжаттарды әзірлеуге ықпал көрсету;
* Жұмыс жоспарларды, жыл сайынғы есеп берулерді және басқа қажетті есеп берулерді әзірлеуде қатынасу;
* Қажеттілігі бойынша басқа тапсырмаларды орындау.

**БІЛІКТІЛІКТІ АЙҚЫНДАУҒА ТАЛАПТАР:**

Медицина/психология/қоғамтану/денсаулық сақтау немесе басқа лайықты салаларда жоғары білім. Эпидемиологияда зерттеу тәжірибе және ұлттық халықаралық деңгейде он жыл жұмыс тәжірибе. Дамытылып жатқан елдерде жұмыс тәжірибесі болуы мүмкін. Ұйымда жұмыс қабілеті жақсы және есірткілерге сұранысты қысқарту және ВИЧ/СПИД-ті алдын алу бойынша салаларда аналитикалық есеп беруді әзірлеудің әдеттері бар. ВИЧ/СПИД-пен күресу бойынша ұлттық немесе халықаралық бағдарламада жұмыс тәжірибесі болуы мүмкін. Ғылым дәрежесі (Ғылым докторы немесе оған тең) екі жылдық мамандық тәжірибесіне тұрады. Бірінші жоғары білімі бар үміткерлерде он екі жыл жұмыс тәжірибесі болуы керек.

**ТІЛДЕРДІ БІЛУ**

Ағылшын тілімен ауызша және жазбаша түрінде қолдану. Орыс тілін білуі мүмкін.

2 ҚОСЫМША

**ТЕХНИКАЛЫҚ ТАПСЫРМА**

**Қосымша әкімшілік персонал**

**Лауазымы:** Жобаның ассистенті
**Орналасқан орны:** Орта Азия, Ташкент
**Ұзындылығы:** 24 ай
**Қызметтік міндеттер:**

Жобаның Халықаралық Кеңесшісінің басшылығымен, жобаның Ассистенті берілген жобаны іске асыру үшін әкімшілік қолдау көрсетуге жауапты. Ассистенттің қызметтік міндеттері келесілерден тұрады:

* Жобаның Халықаралық Кеңесшісіне жобаны басқаруда және мониторингілеуде көмек көрсету;
* Жобаның бюджетін қарастыруға және қайта қарауға; жыл сайынғы бюджеттік ұсыныстарды әзірлеуге; жобаның бюджетін орындауда және мониторингінде көмек көрсету;
* Жобаның лайықты құжаттарының архивін және құжаттарды енгізу;

* Жобаны орындау үшін қажетті материалдарды сатып алуға көмек көрсету, жобамен көзделген, жабдықты әкелу үшін сатып алуға өкімдерді дайындау;

* Оқу турларын және тренингтерін жоспарлауына және ұйымдастыруына жобаның Халықаралық Кеңесшісіне көмек көрсету;

* Сапарларды дайындау, осының ішінде виза сұрақтарын шешу, тасымалдау, орналастыру және т.б., көмек көрсету;

* Берілген жобаның шектеуінде РПЦА-ның кез келген басқа тапсырмаларын орындау.

**Біліктілік талаптары:**

* Экономика/қаржы/бизнесті басқару немесе басқа лайықты саладағы жоғары білім;

* Көрсетілген салаларда аз дегенде екі жыл жұмыс тәжірибе;

* Компьютерде жұмыс істеу қабілеттері;

* Ағылшын және орыс тілдерінде еркін сөйлеу міндетті.

UNITED NATIONS
Office on Drugs and Crime

**Бағдарламаның аталуы:** Орталық Азияға стратегиялық бағдарлама

**Жобаның N және аталуы:** БАҚ, ҮЕҰ және азаматтық қоғамдары арқылы нашақорлықты және ВИЧ/СПИД-ті алдын алу AD/RER/04/H37

**Ұзақтығы:** 2 жыл

**Басталу уақыты:** 2004 мамыр

**Есірткілерді бақылау секторы:** есірткілерді зиян түрінде пайдалануды қысқарту және алдын алу

**Серіктес агенттіктер:** ВОЗ, ЮНЕСКО, ЮНФПА, ЮНИСЕФ

**Атқарушы агенттік:** ЮНОДК

**Орындаушы агенттік:** Орта Азиядағы ЮНОДК-тің Аймақтық Өкілдігі

**Жалпы бюджет:** US$ 400,000

**Қаржыландыру көзі:** Италия

---

**Қысқаша сипаттама:**

Есірткілерге сұранысты қысқарту және ВИЧ/СПИД-ті алдын алу саласында ЮНОДК жасаған жұмысының тәжірибесіне және сабағына негізделеді. "Орта Азия елдерінің журналистерін оқыту және тұрғындардың есірткілер туралы ақпараттарын

көтеру" бойынша аймақтық жобаны іске асыру ЮНОДК-тің жастармен, жалпы тұрғындармен, үкіметтік институттармен және қоғаммен ынтымақтастыққа жұмыс жасау қабілеттерін арттыруға ықпал жасады.

Жоба, мемлекеттік мекемелердің, бұқаралық ақпараттар құралдарын және азаматтық қоғамның, Ортаазиялық аймақта нашақорлықпен күресу және ВИЧ/СПИД-ті алдын алу шараларын қабылдау әрекеттерін жұмылдыру үшін бағытталған. Алдыңғы жобаны орындау жолында анықталған, үш негізгі мақсатты топтарға жобаның әрекеті бағытталады. Бұл топтарға: журналистер және бұқаралық ақпараттық құралдардың басшы тұлғалары, АЕҚ, есірткілерге сұранысты қысқарту және ВИЧ/СПИД-ті алдын алу саласында жұмыс жасайтында және жастар.

---

| Үкімет атынан: | қолы: | мерзім | Аты/қызметі |
|---|---|---|---|
| Қазақстан Республикасы: | -------- | -------- | ----------- |
| Қырғызстан Республикасынан: | -------- | -------- | ----------- |
| Тәжікстан Республикасынан: | -------- | -------- | ----------- |
| Түркіменстан: | -------- | -------- | ----------- |
| Өзбекстан Республикасынан: | -------- | -------- | ----------- |
| ЮНОДК: | -------- | -------- | **ЮНОДК-тің Атқарушы Директоры** |

## I. Контекст

### I.1 Саяси және әлеуметтік-экономикалық жағдай

Кеңес Одағы ыдырауынан бастап, саяси және әлеуметтік-экономикалық өткелі кезеңге байланысты, Орта Азия елдері күрделі түйінді мәселелерге ұшырады, сонымен қатар күрделі бюджеттік шектеулерге душар болды. Осының нәтижесінде, әлеуметті-экономикалық түйінді мәселелердің осыған қоса есірткіні заңсыз айландыру және нашақорлықтың соңғы жағдайларын жеңілдету үшін бастамаларды іске асыру тәжірибесі және қажетті қаражат жиі кездерде жетпеді.

Есірткі мәселесімен, ВИЧ инфекция таратылуымен күресуге, қылмыс жағынан бақылауға көмек қажет екенін түсіне, Орта Азия үкіметтері халықаралық ынтымақтастықты белсенді түрде қолдайды және ЮНОДК-тің қызметіне саяси қолдау көрсетеді.

### I.2 Есірткілерді культивациялау және өндіру

Орта Азия елдері, есірткісі бар өсімдіктерді заңсыз егуді жоюға және оны мониторингіге салуға бағытталған күрделі шаралар қолданады. Культивацияның кейбір кездерінен басқа Орта Азияда есірткінің күрделі сауда өндірісі жоқ. Үлкен аумақта жабайы каннабис және эфедра өседі.

Елдің ішінде өндіргеннен көрі, әлі күнге дейін есірткіні Ауғаныстаннан әкелудің қаупі аздығына және жеңілдігіне байланысты есірткіні заңсыз айналысымен және өткін асырып әкетуімен салыстырғанда, жалпы нашақорлық жағдайға культивация мәселесі

көп әсер етпейді. Мысалы, 2003 жылдың мамыр айында тәжік-ауған шекарасында ( төмен сапалы) героиннің килосы 800-1,500 немесе (жоғары сапалы) 5,500-7000 АҚШ доллар арасында болды және оны жеңіл алуға болған. Ауғаныстандағы саяси бетбұрыстары, Орта Азияға есірткіні тасымалдау жағдайына еңселі өзгерістер шақырған жоқ.

## I.3 Есірткілердің заңсыз айналымы

Соңғы жылдары - ішкі әскери қақтығыс себебімен және қоғамның қатары ыдырауына байланысты - Ауғаныстанда заңды сауда әрекетінің көп мөлшері қираған. Бұл жағдай, көкнәрді заңсыз культивациялау, морфинді және героинді өндіру оны аткезші түрінде тасымалдауы деңгейінің күрделі өсуіне ықпал жасады, бұның нәтижесінде, 90-шы жылдардың аяғында Ауғаныстан әлемде ірі апиын өндіруші болды .

2001 жылғы төмендеуінен кейін, 2003 жыл ішіндегі ауғаныстан апиыны бойынша ЮНОДК-тің жыл сайынғы зерттеуі 2003 жылы өндіріс мүмкіндігін 3,600 тоннаға бағалады, 2002 жылдағы 3,400 тоннаға салыстырғанда. Зерттеу апиынның жалпы өндірісі 6% және Орта Азия елдерімен шектелескен Бадхашан провинциясында күрделі 55% дейін өсуін көрсетті.

90-шы жылдардың аяғындағы апиынның рекордты өндірісіне байланысты Ауғаныстан бүкіл аймағында, осының ішінде Тәжікстанмен, Өзбекстанмен және кейбір мәліметтер бойынша Түрікменстанмен шекаралық аудандарда есірткінің ірі мөлшерлі қорлары жасалған. Бұл қорлар, героиннің алдыңғы деңгейіндегі сұрауын қолдауға ұзын мерзім ішінде жетерлік болуы мүмкін.

Осы заңсыз есірткілерді өткізу нарығы Батыс Еуропа болып табылады. Бірақ, әуе жолы байланысы жетіспеушіліктен, есірткі сатушылар, көрші елдер арқылы өтетін жол бағыттарын пайдаланады.

2002 жылы есірткінің күрделі бөлігі, Орталық Азия арқылы аткезші түрінде Тәжікстан аймағынан әкелінген. Героиннің ірі партияларын (жиі кезде 200 кг дейін жететін) ауыстыруға арналған қиын операцияларын құқыққорғау органдары жиі қысқартады. Әріқарай есірткілер Өзбекстан және Қырғызстан арқылы тасымалданады. 2002 жылы қырғыздың Ош және Бәткен провинциялары қайтадан есірткінің өте көп түрде көбеюін сезді. Пяндж және Амударья өзендеріндегі көпірлерден қарым-қатынасты қайта бастауы экономикалық дамуға мүмкін ықпал жасайтын шығар, бірақ бұл тең дәрежеде есірткі тасымалдаудың жаңа жол бағыттарын ашуы мүмкін. Ресей және батыс нарықтары жолында, әріқарай трафик жол бағыты көбінесе Қазақстан арқылы өтеді және Ресей Федерациясының шекарасын кеседі. Осымен, есірткіні тасымалдаудан бүкіл аймақ зар шегеді.

## I.4 Есірткілермен зиян келтіре пайдалану

Әлеуметтік-экономикалық өзгерістер және тұрақсыз кездердегі есірткінің өте көп мөлшерде түсуі ол соңынан бүкіл аймақ бойынша нашақорлықтың күрделі көтерілуіне

әкелді. Соңғы он жыл ішінде Орта Азияда нашақорлықтың деңгей көрсеткіші биік көтерілуі көрінеді. Есірткісату іріауқымда жайылған 90-шы жылдар алдында, көбінесе "дәстүрлі" көкнәр және марихуана сияқты есірткілерді қолдану байқалатын. Осыдан кейін арзан героинді алу мүмкіндігі зиян келтіре пайдалану түрлерін өзгертті және ВИЧ /СПИД-тің таратылуының және әлеуметтік жалған шоғырлауының күрделі түйінді мәселесін шығарып героинді инъекция түрінде пайдалануға ықпал жасады. Ең алдымен жастар және әлеумет түрінде қорғанбаған тұрғындар зәбірленді. Осыған қосымша, осыған лайықты алдын алу науқандарына үкіметтің қажетті қаражаттары жиі кездері жетпеді.

Орталық Азиядағы нашақорлықтың түйінді мәселелері бойынша Аймақтық Конференцияда ұсынған, Орта Азияда есірткіні зиян келтіре пайдалану жағындағы жағдайды жуырда өткізілген жылдам-бағалау нәтижелері: 2002 жылдың маусым айында Ташкентте өткен жағдайды талдау және осыған сәйкес қолданған шаралар, соңғы он жыл ішінде Орталық Азияда нашақорлықтың түйінді мәселелері қауіпті көлемге айналғанын көрсетеді. Есірткіні инъекция түрінде қолдану тенденциясы өсуі байқалады, бұл ВИЧ/СПИД-ті және басқа жұқпалы ауруларды таратуына ықпал жасайды. ВИЧ ауруының 70% аса жаңа ахуалдары нашақорлықпен байланысты және ВИЧ/СПИД эпидемиясы қауіпті топтардан жалпы тұрғындарға ауысу қаупі бар.

1995 жылдан бастап күрделі көтерілуімен, зерттеулер соңғы он жыл ішінде нашақорлықтың жиырма ретке өскенін шығарды. Жастар және әйелдер арасында нашақорлықтың өсуіне байланысты алаңдау тенденциялары байқалады. Осыдан басқа, есірткі пайдаланатындардың орта жасы қалыпты түрде төмендеуде. Бір мөлшері 1-2 долларға дейін тұратын арзан бағамен алуға мүмкіндік бар, тамыр ішіне пайдаланатын героинмен көбінесе жиі қолданады.

Жуырда, ЮНОДК-пен қолданған, өзбек АЕҰ, Өзбекстанның Денсаулық сақтау Министрлігімен өткізілген "Психиактивті заттарды пайдалану қаупі бар және ВИЧ/СПИД/ЖЖЖА(ЗППП) таратылуына байланысты, Өзбекстанда 9-11 сынып оқушыларының медициналық және әлеуметтік мінез-құлық аспекттері" зерттеу, 5500 оқушылар арасынан 3% респонденттері есірткіні пайдаланған, ал 2%-де есірткенің дәмін татуға құмарлығы бар.

**I.5 Есірткілерді бақылау туралы аймақтық саясат, басымдықтар және жоспарлар**

Аймақтық елдердің Үкіметтері есірткілерді бақылау туралы бүкіл халықаралық сәйкес конвенцияларға қосылды. Есірткілерді бақылау Комиссиялардан/Комитеттерден /Агенттіктерден басқа, негізінде нашақорлықты алдын алу мәселелермен және оны емдеумен Денсаулық және білім Министерстволары жұмыс істейді.

Қазақстан Республикасында ІІМ-нің ішінде жуырда құрылған есірткікәсібімен күресу және есірткі айналысын бақылау Комитеті министерстволардың және ведомстволардың есірткіні бақылау мәселелері бойынша іс-әрекеттерін үйлестіруге жауапты. Есірткіге байланысты қылмыстардың санағын жүргізуге уәкілді, Бас

прокуратура жанында құқықтық санақ Орталығы құрылды.

Есірткілерді бақылау бойынша ұлттық әрекеттерді ұйымдастыруды және үйлестіруді қолдау үшін Қырғызстан Үкіметі есірткілерді бақылау туралы Мемлекеттік Комиссия құрды. Комиссия қазіргі кезде ЮНОДК-тің жобасының ықпалымен, есірткілерді бақылау бойынша толық құқықты арнайы Агенттікке қайта құрылып жатыр.

Тәжікстан Республикасы Президентінің жанында есірткілерді бақылау бойынша Агенттік құру туралы Хаттамаға Тәжікстанның Президенті және ЮНОДК-тың арасында қол қою болды Тәжікстан Республикасында есірткіге қарсы саясатына өте күрделі. Өз жұмысын Агенттік 2000 жылдың наурыз/сәуір айында бастады және есірткілерді заңсыз айналдыру, нашақорлықпен күресуде үлкен нәтижелерге жетті. Өзінің шұғыл жұмысына қосымша, Агенттік есірткілердің заңды айналысын бақылауға уәкілді.

Түрікменстан Үкіметіде нашақорлықпен және есірткілерді заңсыз айналдырумен күресу бойынша Мемлекеттік Үйлестіру Комиссиясын құрды, құқыққорғау органдарының және басқа ведомстволардың есірткімен күресу әрекеттерін үйлестіру оның негізгі міндеті болып табылады. Мемлекеттік Комиссия есірткілерді бақылау стратегиясын анықтау және жүзеге асыру арнайы рөлімен қамсыздандырылған.

Есірткі заттарды заңсыз айналдырумен күресуді үйлестіру, есірткілерді таратуды қысқарту жөнінде әсерлі шараларды әзірлеу және іске асыру мақсатында Өзбекстан Республикасында ұлттық және аймақтық деңгейде есірткіні бақылау Мемлекеттік Комиссиясы құрылды, бұның құрамына есірткілерді бақылау жұмысының әртүрлі саласына жататын бірнеше қатар министерстволардың және ведомстволардың басшылары кіреді. 2002 жылдың наурыз айында Өзбекстанның есірткілерді бақылау Мемлекеттік Комиссиясы 2002-2005 жылдарда есірткілерді, психотроптық заттарды заңсыз айналдыруға және оларды зиян келтіре пайдалануға қарсы әрекет Бағдарламасын қабылдады. Бұл құқық қорғау органдарының қызметкерлерінің жұмысын жақсартуды және заттық-техникамен қамсыздандыруды, нашақорлықтың алдын алу, қысқарту және емдеу әсерлі шараларын жүзеге асыруды, наркология қызметін техникамен қамсыздандыру және Өзбекстан Республикасының халықаралық міндеттерін атқару, осының ішінде техникалық ынтымақтастық жобаларын халықаралық ұйымдардың қатысуымен жүзеге асыруды көздейді.

## І.6 Өткен және ағымды ынтымақтастық

Орта Азия елдерінің есірткімен күресуін ЮНОДК он жыл бойы қолдайды. Қолдаудың негізгі жақтары болып табылатын: есірткілерге қарсы күресу үшін ұлттық әлеуетін күшейтуге арналған институциялық қолдау; байланыс жүйелерін жасау; шекарадағы бақылау жұмысын арттыру; есірткілерді бақылау жөніндегі арнайы агенттіктерді құрастыруға және күшейтуге; есірткілер туралы қоғамды хабарландыру деңгейін көтеруге; ВИЧ-ті алдын алу, емдеу және реабилитациялау жұмысын

жақсартуға арналған ұлттық әрекеттерді қолдау. Есірткілерді сұранысты қысқарту саласындағы әлеуетті бекіту үшін журналистерге және ҮЕҰ, наркологтарға және психотерапевттерге арнайы тренингтерді ұсынатын, ЮНОДК, есірткілерді заңсыз айналдыруды қысқарту саласындағы жобалардан басқа, бірнеше жобаларды әзірледі.

БҰҰ-ның (ЮНЕСКО, ЮНФПА, ЮНИСЕФ, ВОЗ) агенттіктерінен басқа, аймақта есірткіге сұранысты азайту бағдарламасын ЮСАИД, Ашық Қоғам Институты, Британия Кеңесі, ынтымақтастықты дамыту жөніндегі Швейцарлық агенттігі, ОБСЕ, Орта Азиядағы европа елдерінің кейбір елшіліктері, алдымен Өзбекстанда және Қазақстандағы Франция елшілігі белсенді түрде қолдайды.

## І.7 Орта Азия елдерінде ВИЧ/СПИД бойынша жағдай

**Қазақстан:** (2002) кейбір бағалау бойынша 23,000 ВИЧ-тің орыны бар. (2003 желтоқсаны) ВИЧ/СПИД-тің 4,004 саны тіркелген. Оның ішінде, 83.2%-ЕИТП-лар, және 8,9%-гетеросексуалды байланыстар арқылы. СПИД-тің саны: 47, СПИД-тан өлгендер саны: 38. 50%-80% дейін ЕИТП-лар В немесе С Гепатиті жұқтырылғандар. ВИЧ-тің негізгі топталу жерлері қамау орыны болып табылады. 1996 жылдан бастап 2001 жылдың аяғына дейін, тергеу жүргізетін арнаулы орындарында 739 ВИЧ аурулар анықталған. Бұл 1987 жылдың жалпы санынан 29.3% және 334 немесе 2001 жылы анықталғанның 45.2% құрайды. 2001 жылғы жалпы тұрғындардың санынан қамаудағылар 1% кем құрайды, тіркелген ВИЧ-тер қамаудағылар арасынан табылған.

**Қырғызстан:** (2003 жылдың аяғына) 494 тіркелген, 83.05%-ЕИТП-лар; 89%-еркектер. Тұрғылықты тұрғындардан 10.3%-әйелдер және 11.5% шетелдіктер. Бірақ, ЮНАИДС-тің зерттеу нәтижесі бойынша ВИЧ-тің нағызғы саны, 10 есе көп болуы мүмкін және 3,000 адамды құрайды. 2000 жылы, зерттеу жүргізілген топта шприцта қалған қанды тексеруде негізделген зерттеу ВИЧ-тің таратылу деңгейі Бішкекте 11,5 ден 18% дейін және Ошта 32 ден 50% дейін құрады. Осыдан шыға, бағаланған бойынша, ЕИТП-дың ВИЧ-пен ауру мүмкіндігі Бішкекте 6,550 және Ошта 2,050 құрады. Егерде кең ауқымды шаралар қолданбаса, 2003 жылдың аяғына дейін (40,000 адам құрады) 70% ЕИТП-ға дейін жұғуы мүмкін. ВИЧ-тің таратылуына ықпал жасайтын факторлардың ішіне кіретіндер:

ЕИТП-дың саны көбеюі, сақталмаған секс көрсететін ЗППП-нің жоғары деңгейі, және жалпы шприцтарды қолдану. Шприцтерді және презервативтерді алуға мүмкіндіктері шектеулі сияқты жұмыссызда және көші-қонда ықпалды фактор болып табылады.

**Тәжікстан:** (2003 жылдың желтоқсан айына) ВИЧ жұққандардың 119 тіркелген. ВИЧ-тің 79,2% ЕИТП-мен байланысты. Тәжікстанның 57,3% тұрғындары 25 жастан кіші, ал 19,9% 15 тен 24 дейінгі жаста. Ішкі көші-қон, алдымен ауыл жерінен қалаға көшу кең ауқымды болып барады. Көші-қонушылар-бұл ең алдымен әлеуметті түрде орналаспаған тұрғын топтары, қалады жұмыс іздеушілер және үлкен қиындықтарға кез келетіндер. Сондықтан, осындай топтар нашақорлыққа бейімді және соңында ВИЧ-ті

жұқтыруға қаупі бар. Душанбеде сондай-ақ Согди облысында (Чкалов және Қайрақұм қалалары) героинді өктемдік жүргізуден жағдай қиындыққа түседі. Ресми санаққа сәйкес, Душанбеде 3558 есірткі пайдаланушылар тіркелген, олардың 1079-ЕИТП. есірткі пайдаланушылар Чкаловта-58, Қайрақұмда-59, олардың 77 ЕИТП.

**Өзбекстан:** (2002) кейбір бағалаулар бойынша ВИЧ-тің 3,596 тіркелген, 60% (1836) - Е И Т П .

**Түркменстан:** (2002) кейбір бағалаулар бойынша 100 сан. (2001 қарашасында) ВИЧ-тің 2 тіркелген, СПИД-тің 1 саны.

## I I . Негіздеу

### II.1 ЮНОДК-тің мандаты

ЮНОДК-тің стратегиясы БҰҰ-ның есірткілерді бақылау туралы әртүрлі Конвенцияларына және 1998 жылдың маусым айында өткен (БҰҰ-ның ГААС) БҰҰ-ң 20-шы Генералды Ассамблеясының Арнайы Сессиясында қабылданған Саяси Декларациясына және 2001 жылдың маусымдағы ВИЧ/СПИД мәселесі бойынша ООН-ның ГААС-тың құжаттарына негізделеді.

Жұмыс жоспары, айтылған Декларацияны орындау үшін мүше-мемлекеттерге басшылық етуге әзірленген, ЮНОДК-ті мүше-мемлекеттерді қолдауына уәкілді және басшылық етуді ұсыну арқылы Декларацияны орындау және оның қолдауына зәрлі елдерге, келесі бағыттар бойынша:

* Нашақорлық мониторингісінің ұлттық ақпараттық жүйесін құру, осының ішінде аймақтық және халықаралық деңгейде қабылданған негізгі көрсеткіштер бойынша мәліметтер жинау;
* Есірткілерге сұранысты азайтуға арналған басымды қағидаларға сәйкес сұранысты азайту бойынша бағдарламаларды, стратегияларды әзірлеу және жүзеге асыру;
* Алға басқан стратегиялар және бағдарламалар туралы ақпаратпен айырбас жасауды қолдау.

БҰҰ-ның ГААС-да ВИЧ/СПИД бойынша қабылданған Міндеттер туралы Декларациясына келесі (төменде берілген) алты бағыт кіреді. (ЮНЕЙДС) ВИЧ/СПИД бойынша БҰҰ-ның бағдарламасы есірткіні инъекция түрінде пайдаланатын мәселелер туралы және ВИЧ/СПИД бойынша секцияға жауапты, және жоғарыда көрсетілген декларацияны орындауға мүше-мемлекеттерге қолдау көрсетуге мандаты бар.

* Лидерлік, адам құқығымен бірге
* Сезімтал деңгейін алдын алу және төмендету
* Көмектесу, қолдау және емдеу
* Әлеуметті экономикалық әсерлігін жұмсарту және ерекше жағдайларда шаралар қабылдау
* Зерттеу және дамыту
* Қаражаттарды іздестіру, әрі қарай шаралар қабылдау,

мониторингтеу және бағалау.

Есірткілерге сұранысты қысқарту бойынша басымды қағидалары туралы Декларация: "Мәселені шешу шараларының әсерлігін анықтау, және сәйкес саясатпен бағдарламаны әзірлеу және жүзеге асыруға бүкіл көпшіліктің қатысуын көздейтін әріптестік жол мәселеге нақты баға беру үшін басымды болып табылады. Сондықтан, үкіметтік, үкіметтік емес, ата-аналары, мұғалімдері, жастар және көпшілік ұйымдар, медицина қызметкерлері ұйымдары, жұмыс берушілер ұйымдары, еңбекшілер ұйымдары және жеке меншік секторлары арасындағы өзара қарым-қатынас өте күрделі болып табылады. Осындай өзара қатынас, есірткілермен зиян келтіре пайдаланудың жағымсыз нәтижелерімен күресу үшін көпшіліктің мүмкіндіктерін кеңейтеді және тұрғындардың хабарландыруына ықпал жасайды. Сұранысты қысқарту стратегияларының тұрақтылығын қамсыздандыру үшін жауапкершілік, тұрғындардың хабарландырылғаны және көпшілікті жұмылдыру көп мағына береді".

## II.2 Шешім талаптаған түйінді мәселе

Нашақорлықпен және ВИЧ/СПИД-тің тез таратылу қаупімен үкіметте, қоғамда дұрыс дайын болмаған. Қорлардың, жаңа техникалық қаражаттардың және осы саладағы бірінші қатардағы тәжірибе туралы ақпараттың жетпеушілігі лайықты ұлттық шаралар қолдануға кедергі жасайды. Оқыған персоналдың аздығы нәтижесінде, сұранысты қысқарту бойынша шектеулі әрекеттері жалпы қоғамға, әсіресе жастарға қоғамдық хабарландыруының төмендігіне әкеледі. Жастарға жеткізілетін ақпарат аз немесе жиі кездерде нақты емес, брошюраларды, плакаттарды және т.б., жариялайтын оқыған қызметкерлердің немесе АЕҮ өкілдері жетіспеушілігінен балалармен есірткілерді пайдалануы қауіптілігі туралы ата-аналары нашар хабарландырылған. Нашақорлықты алдын алуға жауапты мемлекеттік қызметкерлеріне, жиі кездерде нашақорлықты алдын алу жаңа тәсілдеріне жақындауына мүмкіндіктері шектеулі.

Орталық Азиядағы БАҚ ағымды жағдайы есірткілерді зиян түрінде пайдалануды алдын алу бойынша баспасөз мүмкіндіктерін, бірнеше себептен, толық жүзеге асыруға жағдайы жоқ, осының ішінде:

* Елдердің кейбір аймағындағы цензура (ресми немесе ресми емес)
* Есірткілер және нашақорлық мәселелері бойынша ақпарат алуы шектеулі;
* БАҚ-ты саудаға салу және осы фактор есірткілер мәселелерін жиі хабарлауына әсер тигізуі;
* Нашақорлық мәселелері бойынша медиа науқандарын ұйымдастыру мүмкіндіктері туралы БАҚ-тың басшылары төмен хабарландырылуы;
* БАҚ қызметкерлерінің кәсіпкерлік деңгейінің төмендігі;
* Нашақорлық мәселелері бойынша жұмыс жасау үшін

журналистерді қаржылық дәлелдеуінің жетпеушілігі.

Жуырда өткізілген "Психиактивті заттарды пайдалану қаупі бар және ВИЧ/СПИД/ЖЖЖА(ЗППП) таратылуына байланысты, Өзбекстанда 9-11 сынып оқушыларының медициналық және әлеуметтік мінез-құлық аспекттері" зерттеулерінің нәтижелері бойынша, 5500 сұралған оқушылардың 51%, есірткілер туралы мәліметті БАҚ алатынын айтты.

Елдердің кейбір аймақтарында есірткілер мәселесі бойынша ақпараттың шектеулігін ескеріп, есірткілер және оларды зиян келтіре пайдалану нәтижесі туралы лайықты ақпарат таратуға БАҚ мүмкіндіктерін әсерлі қолдануға болады.

Мақсатты топтармен еркін жұмыс істеу мүмкіндігі барлығынан және икемділігінен бүкіл әлемде нашақорлықты алдын алуда ҮЕҰ рөлі кең бейімделген. Бірақ, Орталық Азияда ҮЕҰ жаңа ғана дамып жатыр, әсіресе нашақорлықты және ВИЧ/СПИД-ті алдын алу саласында жұмыс жасайтындар. Жұмыс істеуге және нашақорлықты алдын алу бойынша бағдарламаларды орындауға үлкен ықыласы бар болсада, ортаазиялық ҮЕҰ жаңа білімдер және тәжірибелер жетіспейді, олар ұдайы қаржылық қиындықтарды көреді. Осыдан басқа алдын алу бойынша, жергілікті ҮЕҰ мен қолданатын тәсілдер және әдеттер, әсерлі ағымды бағдарламалар, дұрыс түрінде бағаланған, құжатталған және аймақ ішінде және оның шетінде таратылған болуы керек. ЮНОДК-тің қолдауымен кейбір елдердің аймағында құралған, ҮЕҰ жүйесі қолдаулы және дамытылған болуы қажет.

## II.3 Мақсатты салалар және бенефициарлар

Жоба, үш негізделген мақсатты топтармен жұмыс істеуге бағытталады: журналистермен және сұранысты қысқарту саласында жұмыс жүргізетін БАҚ, ҮЕҰ лауазымды тұлғаларымен және Орталық Азияның жастарымен.

Жоба нашақорлықты алдын алу бойынша, ҮЕҰ шектелген санына ерекше инновациялық бастамалары үшін, грант түрінде техникалық көмекке және қаржыландыруға қолдау көрсетеді, осымен қатар, ұлттық және аймақтық деңгейде ҮЕҰ арасындағы байланысына қолдау көрсетеді. Жобаның шектеуімен БАҚ басшы тұлғаларына, журналистерге және журналистика факультетінің студенттеріне, есірткілер мәселелері бойынша бірнеше ұлттық және аймақтық семинарлар/тренингтер ұйымдастыру жолымен қолдау көрсетіледі. Жоба, нашақорлықты алдын алу мәселелері бойынша ерекше бастамалары үшін, БАҚ өкілдерін, аздаған грант немесе оқу турларын ұйымдастыру арқылы қолдайды. Келесі тұлғалар және институттар жобаның бенефициарлары болады: Журналистер және БАҚ басшылары

* Есірткілерге сұранысты қысқарту және ВИЧ/СПИД-ті алдын алу саласында жұмыс істейтін, мемлекеттік және үкіметтік емес ұйымдар
* Жастар

## II.4 Жоба аяқталған соң күтілетін жағдай

Жоба аяқталған соң, күтілетін:

* Жастардың жетекшілерінен, ата-аналардан, қоғамдық жетекшілерден және ҮЕҰ өкілдерінен тұратын топтар таңдалады, олар алдын алу қабілеттеріне үйретіледі және мектеп, көпшілік деңгейінде қызмет етеді.
* Есірткілерге сұранысты қысқарту және ВИЧ/СПИД-ті алдын алу саласында жұмыс істейтін ең жақсы ҮЕҰ, "тең-теңге" деген оқыту қағидасы бойынша басқа ҮЕҰ оқытады.
* Есірткілер және ВИЧ/СПИД мәселесіне олардың зейінін аудару мақсатымен, БАҚ басшылары жылына бір рет аймақтағы есірткілер және ВИЧ/СПИД-ті алдын алу жағдайы бойынша жаңартылған ақпарат алады. Оларға, жалпы аймаққа, сондай-ақ елге, өз жанұяларына есірткілердің және ВИЧ/СПИД-тің қаупі туралы түсінуге көмектеседі.
* Есірткілерді бақылайтын Комиссияларында/Комитеттерде, Агенттіктерде, Денсаулық сақтау және білім Министерстволары және т.б., сияқты ведомстволарда алдын алу жұмысына жауапты қызметкерлері, нашақорлықты және ВИЧ/СПИД-ті алдын алу жаңа тәсілдеріне үйретіледі, халықаралық стандартпен және тәжірибемен танысады, оларға қажетті ақпараттық және методикалық материалдары ұсынады.
* Жастар арасындағы ең көп қолданатын бұқаралық ақпараттық құралдары анықталады, және таңдалған журналистер алдын алу қабілеттеріне, БАҚ науқандарды ұйымдастыруға, қоғаммен байланыс жасауға және т.б., үйретіледі. Есірткілер және ВИЧ/СПИД мәселелерін көтеретін, Орталық Азия елдерінің ең жақсы жас журналистеріне, ЮНОДК аздаған гранттар ұсынады. Нашақорлық/ҮЕҰ мәселелерімен жұмыс істейтін ұйымдарға танысу турларын ұйымдастыру арқылы жас журналистердің кәсіби қабілеттерін көтеруге жағдай жасау, гранттар жүйесінің мақсаты болып табылады.
* Кейбір Орталық Азия елдерінде, ҮЕҰ, Денсаулық сақтау және білім Министерстволарымен бірге, ЮНОДК-тің қаржы және методологиялық қолдауымен, студенттер арасында нашақорлық мәселесі бойынша зерттеулер өткізіледі. Зерттеулер өткізу бойынша ЮНОДК стандартты халықаралық сауалнама және әдістемелік кепілдемелер ұсынады.

## II.5 Жобаның стратегиясы

Жоба, ортаазиялық аймақта, есірткілерге қарсы және ВИЧ/СПИД-ті алдын алу шараларын көлемді және бірлесіп жүзеге асыруға, Орталық Азияның мемлекеттік мекемелерінің, БАҚ және азаматтық қоғам ұйымдарының, есірткілерге сұранысты қысқарту және ВИЧ/СПИД жөніндегі басымды қағидалары туралы Декларация бойынша, әрекеттерін жұмылдыруға бағытталған.

Алдын алуға жауапты кейбір БАҚ, пресс-хатшыларына, мемлекеттік мекемелерінің қызметкерлеріне, және ҮЕҰ алдын алу жұмысын жүзеге асыру, осымен қатар, ақпаратпен айырбас жасау жүйелерін кеңейтуге ықпал көрсету, әлеуетті құрауға бағытталған арнайы құрамдас бөлігі осы жобаға енеді.

БҰҰ-ның бірнеше агенттіктері және басқа халықаралық ұйымдары өз жұмысын мектептегі нашақорлыққа аударады. Сондықтан, ЮНОДК, ЮНИСЕФ-пен, ЮНЕСКО-мен, ЮСАИД-пен және ВОЗ-бен бірге, нашақорлықты және ВИЧ/СПИД-ті алдын алу мектеп бағдарламаларының сәйкес құрамдас бөліктерін әзірлеуге, қолдауға, жаңартуға (елдердің қажеттілігіне байланысты) тартылуы жоспарланады.

Жоба, есірткілерге сұранысты қысқарту саласында ЮНОДК-тың алғашқы жұмысынан алынған тәжірибеге және сабақтарға негізделеді. "Орта Азия елдерінің журналистерін үйрету және тұрғындарды есірткілер туралы хабарландыруын жоғарлату" аймақтық жобаны орындауы, ЮНОДК-тың жастармен, тұрғындармен жұмыс жасауында мемлекеттік институттармен және қоғаммен ынтымақтастығында, қабілеттілігін арттыруға көп дәрежеде ықпал жасады.

Жоба, нашақорлықты көпшілік деңгейінде алдын алуға тіркелген.

## II.6 Орындау тетігі

Жоба, Орта Азиядағы ЮНОДК-тың Аймақтық Өкілдігімен орындалады. Ол, аймақтық деңгейінде сәйкес министерстволарымен (денсаулық, білім және әлеуметтік қорғау сияқты), СПИД тағы да басқа емдеу орталықтарымен, оқу мекемелерімен және қоғамдық ұйымдармен; ұлттық деңгейінде (ҮЕҰ, жастар одақтары және т.б.), мемлекеттік және жеке меншік теле-радио компанияларымен тығыз ынтымақтастығымен жүзеге асады.

Нашақорлықты алдын алу бойынша ынтымақтастық, ЮНОДК-тің Глобалды бағдарламасымен, сәйкестігін және өзара толықтыру үшін, әсіресе, "Нашақорлықты және қылмысты алдын алуға БАҚ-ты тарту бойынша алдыңғы қатардағы тәжірибені дамыту және тарату жобасымен бірге жүзеге асады.

Жобаның жұмысы, ЮНИСЕФ, ЮНЕСКО және ЮНФПА (соңғы екі агенттік, білім, ақпараттық және қатынас салаларында (БАҚ) тығыз ынтымақтаста болады), Британ Кеңесі, Ынтымақтастықты Дамыту бойынша Швейцарлық Ұйым, ЮСАИД сияқты басқа халықаралық ұйымдармен ведомствоаралық тығыз ынтымақтастығына негізделеді.

## III. Мақсаттар, нәтижелер, шаралар

Орталық Азиядағы есірткілерге сұранысты қысқарту ЮНОДК-тің жалпы мақсаты, Орталық Азия елдеріне заңсыз есірткілерге сұранысты қысқарту және ВИЧ/СПИД-ті жұқтыруын алдын алуға күрделі нәтижелерге жетуге қолдау тигізу болып табылады және есірткілерді зиян түрінде пайдалану нәтижелері туралы тұрғындарды хабарландыру деңгейін көтеру.

Ортаазиялық аймақта нашақорлықпен және ВИЧ/СПИД-пен кең көлемді және кезекті шаралармен күресу үшін, нашақорлықты және ВИЧ/СПИД-ті алдын алуға медиа тетіктерін белсенді қолдану жолымен жүзеге асыру, елдердің, БАҚ және азаматтық қоғамдар ұйымының (АҚҰ) әрекеттерін жұмылдыру жобаның нақты мақсаты болып табылады, жергілікті деңгейде әсерлі алдын алу жұмысты жүзеге асыруға ҮЕҰ және АҚҰ-на қолдау көрсету және мектептерде нашақорлықпен ВИЧ/СПИД-ті алдын алу бірінші әсерлі бағдарламасын дамытуға ықпал жасау.

### Нәтижелер

**1. Нәтиже: Нашақорлық және ВИЧ/СПИД мәселесімен айналысатын журналистерді, журналистика факультетінің студенттерін, кейбір ведомстволардың пресс хатшыларын үйрету.**

1.1 Әрекет: Көп оқылатын БАҚ, тыңдалатын, көретін (газеттерді, ТВ немесе радио арналарын) анықтау және келесі тренингтерге қатынасушыларды таңдау.

1.2 Әрекет: Халықаралық және жергілікті сарапшылардың [1] қатысуымен, нашақорлық мәселесі бойынша ұлттық/аймақтық бес семинар өткізу.

1.3 Әрекет: Кейбір журналистерге (көп дегенде 4-5) аздаған гранттар ұсыну және оларға, нашақорлық/ҮЕҰ [2] мәселелерімен нәтижелі айналысатын ұйымдарға оқыту сапарын ұйымдастыру.

1.4 Әрекет: есірткілер бойынша Интернеттегі сайтты, таратылу парақтарын жаңартуды, ақпаратпен айырбас жүргізуді қолдау, ақпаратқа жету мүмкіндігіне ықпал жасауды жалғастыру.

Осы жоба құқық қорғау органдарға жоғары деңгейде әрекет ететін қылмыстық ұйымдарды әшкерелеуге мүмкіншілік беретін бақыланатын жеткізулер сияқты арнайы оперативтік жұмыстарды орындау арқылы ұйымдасқан қылмыстықпен қарсы күресіне бағытталған, әсіресе есірткінің заңсыз айналымы және коррупциясына. Аймақта есірткі трафигінен түсетін пайда өте үлкен, бұл кей жағдайларда альтернативтік көлеңкеленген экономикаға жол береді және мемлекеттің әрекеттегі басқару механизмдерін кіжітіп, мемлекеттің экономикалық дамуына зиян келтіреді. Сонымен, осы жоба заңдардың сақталуында әсерін тигізеді, ал бұл **Мың жыл Декларациясының** мақсаттарының бірі болып келеді. Жоба есірткі трафигін барлық аймақ бойынша тоқтату әрекеттерімен нашақорлық деңгейінің азайтуына әсерін тигізе алады, қайсысы есірткі трафигінің негізгі сапар желістері өте бастағаннан бастап аймақта жоғары деңгейге дейін өскен болатын. Сонымен қатар 70% жағдайда есірткіні көк тамырғылық пайдаланумен байланысты аймақтағы ВИЧ/СПИД инфекцияның таралуын азайтуда жәрдемдеседі.

Жәрдемдесудің қажеттілігін жақсы түсінетін Өзара түсінушілік туралы Меморандум қатысушы-елдердің үкіметтері есірткілерді және қылмыстылықты бақылау сияқты төтенше мәселелермен байланысты сұрақтарда ЮНОДК қызметіне толық масштабты саяси көмегін көрсетеді.

### I.2 Есірткілерді культивациялау және өндіру

Орталық Азия елдері, есірткісі бар өсімдіктерді заңсыз егуді жоюға және оны мониторингін салуға бағытталған күрделі шаралар қолданады. Култивацияның кейбір кездерінен басқа, Орталық Азияда есірткінің күрделі сауда өндірісі жоқ, үлкен аумақта жабайы каннабис және эфедра өседі.

Елдің ішінде өндіргеннен көрі, әлі күнге дейін есірткіні Ауғаныстаннан әкелудің қаупы аздығына және жеңілдігіне байланысты есірткіні заңсыз айналысымен және өткін асырып әкетуімен салыстырғанда, жалпы нашақорлық жағдайға культивация мәселесі кеп әсер етпейді. Мысалы, 2003 жылдың мамыр айында тәжік-ауған шекарасында (төмен сапалы) героинның килосы US$800-1,500 немесе (жоғары сапалы) US$5,500-7000 арасында болды және оны жеңіл алуға болған. Ауғаныстандағы саяси бетбұрыстары, Орта Азияға есірткіні тасымалдау жағдайына еңселі өзгерістер шақырған жоқ.

### I.3 Есірткілердің заңсыз айналымы

Соңғы жылдары - ішкі әскери қақтығыс себебінен және қоғамның қатары

ыдырауына байланысты - Ауғаныстанда заңды сауда әрекетінің көп мөлшері қираған. Бұл жағдай көкнәрді заңсыз культивациялау, морфинді және героинді өндіру оны аткезші түрінде тасымалдауы деңгейінің күрделі өсуіне ықпал жасады, бұның нәтижесінде, 90-шы жылдардың аяғында Ауғаныстан әлемде ірі апиын өндіруші болды .

2001 жылғы төмендеуінен кейін, 2002 жыл ішіндегі ауғаныстан апиыны бойынша ЮНОДК-тің жыл сайынғы зерттеуі апиынның өндіру деңгейін 3,200-3,600 тоннаға бағалады. Бұл деңгей 1999 жылғы рекордтық егіннің өсуімен асқан (4,565 тонна). 2003 жылдың жаңа көрсеткіштері Орталық Азиямен шекаралас аудандарда оның одан әрі өсуін көрсетеді (3,600 тонна).

90-шы жылдардың аяғындағы апиынның рекордты өндірісімен байланысты Ауғаныстанның бүкіл аймағында есірткінің ірі мөлшерлі қорлары жасалған.

Осы есірткілерді негізінен Батыс Еуропа сатып алады. Бірақ әуе ақпаратының жеткіліксіздігі кесірінен есірткі жасаушылар көршілес елдер арқылы өтетін жердегі сапар желістерін пайдаланады.

2002 жылы есірткінің күрделі бөлігі, Орта Азия арқылы аткезші түрінде Тәжікстан аймағынан әкелінген. Героиннің ірі партияларын ауыстыруға арналған қиын операцияларын құқық қорғау органдары жиі қысқартады (көбінесе 200кг дейін). Әріқарай есірткілер Өзбекстан және Қырғызстан арқылы тасымалданады. 2002 жылы қырғыздың Ош және Бәткен провинциялары қайтадан есірткінің өте көп түрде көбеюін сезді. Пяндж және Амударья өзендеріндегі көпірлерден қарым-қатынасты қайта бастауы экономикалық дамуға мүмкін ықпал жасайтын шығар, бірақ бұл тең дәрежеде есірткі тасымалдаудың жаңа жол бағыттарын ашуы мүмкін. Осы беймазашылық Термез, Өзбекстан жер және темір жолдарына қатысты. Түрікменстанда 2002 жылға есірткілерді алу жағдайлары болмағанға қарамастан, апиындар түркмен ауданы арқылы өткізілу мүмкіншілігімен байланысты беймазашылық туды. Бұдан әрі трафик желісі негізінен Қазақстан және Ресей Федерация шекаралары арқылы өтеді, ал ресей және батыс нарықтары жолында Каспий теңізі арқылы Азербайджанға өтеді.

Апиынды таза және қымбат өнімге өндіру үшін, мысалы морфин немесе героинге, есірткі жасаушылар импортқа жататын техникалық химикаттардың мыңдаған тоннасын қажет етеді. Осы химикаттардың Ауғанстанға өтуін алдын алу есірткі трафиг күресінің негізгі стратегиясы болып келеді.

## I.4 Нашақорлық

Әлеуметтік-экономикалық өзгерістер және тұрақсыз кездердегі есірткінің өте көп мөлшерде түсуі соңынан бүкіл аймақ бойынша нашақорлықтың күрделі көтерілуіне әкелді. Соңғы он жыл ішінде Орта Азияда нашақорлықтың деңгей көрсеткіші биік көтерілуі көрінеді. Есірткі сату іріауқымда жайылған 90-шы жылдар алдында көбінесе "дәстүрлі" көкнәр және марихуана сияқты есірткілерді қолдану байқалынатын. Осыдан кейін арзан героинді алу мүмкіндігі зиян келтіре пайдалану түрлерін өзгертті және ВИЧ

/СПИД-тің таратылуының және әлеуметтік жалған шоғырлауының күрделі түйінді мәселесін шығарып героинді инъекция түрінде пайдалануға ықпал жасады. Ең алдымен жастар және әлеумет түрінде қорғанбаған тұрғындар зәбірленді. Осыған қосымша, осыған лайықты алдын алу науқандарына үкіметтің қажетті қаражаттары жиі кездері жетпеді. ЮНОДК зерттеулері бойынша Орталық Азиядағы есірткіге кіріптарлық бөлігі 0.75% құрайды, бұл Ресей және Иран елдеріндегі пайыздық көрсеткішімен салыстырғанда өте төмен, бірақ Еуропа және Оңтүстік - Шығыс Азия көрсеткіштерінен асатын деңгей.

## I.5 Есірткіні бақылаудың аймақтық саясаты, басымдықтар және әлеует

ӨТМ елдер-қатысушыларының үкіметтері барлық халықаралық конвенцияларға қосылды.

Азербайджан Республика Президентінің жарлығына сай нашақорлыққа және есірткілердің заңсыз айналымына қарсы күрес бойынша Мемлекеттік комиссия ашылған. Ол барлық құқық қорғау ведомстволардың және денсаулық қорғау органдардың, білім және басқа ведомстволардың министрлері/басшыларынан құралады . Комиссия төрағасы ретінде әрекет ететін Премьер-Министр орынбасары оның басшылығында. 2002 жылы 2002-2006 ж.ж. нашақорлыққа және есірткілердің заңсыз айналымына қарсы күрес бойынша Ұлттық бағдарлама қабылданған.

Қазақстанда есірткілерді бақылау бойынша ұлттық заңдар бекітілген және " ұйымдық қылмыстық және есірткінің заңсыз айналымын бақылау бойынша негізгі жоспарды қабылдау аяқталу барысында. Заң біршама қысқа және маңызды мәселелердің реттеуін нормативтік актілер арқылы шешуге негізделген. Осы актілер дайындалу деңгейінде және оның қорытынды мазмұны алдағы есірткілердің бақылау бағдарламалары үшін маңызды болып келеді. Жақында ашылған Ішкі Істер Министрлігінің нашақорлық және есірткінің заңсыз айналымын бақылау Комитеті есірткінің таралуына қарсы күресіне кірістірілген ведомстволар арасындағы координацияға жауапты. Сонымен қатар Бас Прокуратура қолдауындағы есірткілер бойынша ұлттық ақпараттық бөлімше ашылды. Оның тапсырысына есірткілермен, қылмыстармен байланысты стратегиялық деректерді жинау кіреді.

Есірткілерді бақылау бойынша ұлттық әрекеттерді ұйымдастыруды және үйлестіруді қолдау үшін Қырғызстан Үкіметі есірткілерді бақылау туралы Мемлекеттік Комиссия құрды. Комиссия қазіргі кезде ЮНОДК-тің жобасының ықпалымен, есірткілерді бақылау бойынша толық құқықты арнайы Агенттікке қайта құрылып жатыр. Ішкі Істер Министрлігі, Кеден, Шекаралық қызмет және Ұлттық қауіпсіздік қызметі сияқты ведомстволар сәйкес қызмет салаларында өз артынан оперативтік өкілдіктерді қалдырады.

Есірткілерді бақылау бойынша үш халықаралық конвенцияларға қосылғаннан кейін , Ресейде қатаң саясат дайындалып құқықтық негіздеу жасалды, сонымен қатар есірткілерді халықаралық, аймақтық, ұлттық деңгейде бақылайтын сәйкес

институционалдық құрылым ашылды. 2003 жылдың наурызында есірткі және психотроптық заттарды бақылау бойынша Ресей Федерациясының Мемлекеттік комитеті құрылды. Ресей Федерациясы есірткілер және қылмыстыққа қарсы күреске бағытталған бастамаларды дайындауда ТМД шегіндегі қылмыстықты алдын алу жұмыстарында бірінші орын алады және Ауғанстаннан есірткі ағымын тоқтату саласында Орталық Азия елдерімен бірге күштерді нығайтуда ЮНОДК-ң негізгі серіктесі болып келеді. Алайда қорлардың жетіспеушілігін есірткі графигі, нашақорлық және онымен байланысты ВИЧ инфекцияның таралуына қарсы күреске бағытталған бағдарламаларды жүзеге асыруда үкіметтік ұйымдардың және жеке ведомстволардың әлеуетін шектейді.

Тәжікстан Республикасы Президентінің жанында есірткілерді бақылау бойынша Агенттік құру туралы Хаттамаға Тәжікстанның Президенті және ЮНОДК-тың арасында қол қою Тәжікстан Республикасында есірткіге қарсы саясатына өте күрделі. Өз жұмысын Агенттік 2000 жылдың наурыз/сәуір айында бастады және есірткілерді заңсыз айналдыру, нашақорлықпен күресуде үлкен нәтижелерге жетті. Өзінің шұғыл жұмысына қосымша, Агенттік есірткілердің заңды айналысын бақылауға уәкілді. Тәжікстанның Ішкі Істер Министрлігі және Тәжікстанда дислокацияланған Ресей Федерациясының Федералды Шекаралық қызметтер бөлімшелері есірткілердің бақылау жұмысын қамтамасыз етуде сондай-ақ маңызды әсерін тигізеді.

Түрікменстан Үкіметінде нашақорлықпен және есірткілерді заңсыз айналдырумен күресу бойынша Мемлекеттік Үйлестіру Комиссиясы құрылды, құқық қорғау органдарының және басқа ведомстволардың есірткімен күресу әрекеттерін үйлестіру оның негізгі міндеті болып табылады. Мемлекеттік Комиссия есірткілерді бақылау стратегиясын анықтау және жүзеге асыру арнайы рөлімен қамсыздандырылған. Елдің құқық қорғау органдары Мемлекеттік Комиссияның негізгі серіктестері болып келеді.

Есірткілерді толық масштабты ұлттық бақылау бағдарламасыз жүзеге асыру мақсатында Өзбекстан Республикасында ұлттық және аймақтық деңгейде есірткіні бақылау Мемлекеттік Комиссиясы құрылды, бұның құрамына есірткілерді бақылау жұмысының әртүрлі саласына жататын бірнеше қатар министерстволардың және ведомстволардың басшылары кіреді. Сонымен қатар осы саладағы әртүрлі министрліктер және ведомстволардың күнделікті жұмысын заңдарға және саясатқа сай реттеу үшін есірткілерді бақылау бойынша Ұлттық Орталық ашылған болатын. Осы орталықтың қызметкерлері Денсаулық қорғау Министрлігі, Ішкі Істер Министрлігі, Ұлттық қауіпсіздік қызметі, Кеден комитеті және прокуратура жұмыскерлері санынан шақырылған. 2002 жылдың наурыз айында Өзбекстанның есірткілерді бақылау Мемлекеттік Комиссиясы "2002-2005 жылдарда есірткілерді, психотроптық заттарды заңсыз айналдыруға және оларды зиян келтіре пайдалануға қарсы әрекет" Бағдарламасын қабылдады. Осы бағдарлама құқыққорғау органдарының қызметкерлерінің жұмысын жақсартуды, нашақорлықтың алдын алуын және есірткіні

бақылау саласында институционалдық, техникалық және құқықтық жәрдемді қамтамасыз етеді, сондай-ақ халықаралық ұйымдар ынтымақтастығы арқылы техникалық жобаларды жүзеге асыру.

## I.6 Өткен және ағымды ынтымақтастық

Орта Азия елдерінің есірткімен күресуін ЮНОДК он жыл бойы қолдайды. Қолдаудың негізгі жақтары болып табылатын: есірткілерге қарсы күресу үшін ұлттық әлеуетін күшейтуге арналған институциялық қолдау; байланыс жүйелерін жасау; шекарадағы бақылау жұмысын арттыру; есірткілерді бақылау жөніндегі арнайы агенттіктерді құрастыруға және күшейтуге арналған ұлттық әрекеттерді қолдау. Қазіргі уақытта аймақта ЮНОДК пен прекурсорларды бақылауға, ұйымдық қылмыстықты зерттеуге және оперативтік және басқа ақпараттарды жинау және айырбастау механизмдерін құруға бағытталған есірткі трафикпен байланысты басқа жобалар жүзеге асырып жатыр. ЮНОДК сондай-ақ құқық қорғау ведомствалар қызметкерлеріне олардың есірткілерді бақылау әлеуетін нығайту үшін, арнайы тренингтер дайындады.

1996 жылы Қазақстан, Қырғызстан, Тәжікстан және Өзбекстанның құқық қорғау ведомствалары есірткілердің заңсыз айналымына қарсы күрес туралы ынтымақтастық келісім-шартына қол қойды. ТМД және Орталық Азия елдері шегінде координация туралы жасалған басқа бір қатар келісімдер ұйымдасқан қылмыстыққа қарсы күресінде бірлескен операцияларды өткізуге жағдай жасайды. Аймақтың барлық елдері 1996 жылы мамыр айында Орталық Азия және ЮНОДК-ң бес елдері арасында қол қойылған Өзара түсінушілік туралы Меморандумның қатысушылары болып келеді. Осы Меморандумға кейіннен Ресей, Ауғанстанның Даму жүйесі және Азербайджан қосылған. Осы Меморандум Орталық Азиядағы есірткіні бақылау саласындағы ынтымақтастықты нығайтуға жағдай жасайды, содан басқа , келесідей артықшылық бағыттарды жақсартуда үлес етеді: (i) ынтымақтастық және координация механизмді; ( ii) есірткілерді бақылау бойынша заңдарды үндестіру; (iii) оперативтік ақпаратты жинау және айырбастауында ұлттық әлеует; (iv) бірлескен операциялар; (v) нашақорлыққа қатысты деректерді жинау және емдеу және алдын алу бойынша бағдарламаларды өткізудегі; тәжірибелер көрсету.

"Шесть плюс Два" [1] (Алты қосу екі) тобы 2000 жылдың қыркүйегінде ауған есірткілеріне қарсы күрес бойынша аймақтық қызмет жоспарын бекітті. Жоспарға құқық қорғау қызметіндегі, аймақтық ынтымақтастық, қылмыстық әділ сот жүйелері, есірткі өсімдіктердің егінін болдыртпау және балама даму бойынша бір қатар тапсырыстар, Ауғанстанда есірткіге қарсы шараларды қолдану, сонымен қатар есірткіге сұранысты азайту және нашақорлықты алдын алу жұмыстары кіреді. БҰҰ Қауіпсіздік Одағы "Шесть плюс Два" тобын ЮНОДК қолдауымен есірткімен байланысты мәселелерді бірлесіп шешуге шақырды, сондай-ақ басқа қатысушы-елдерді Ауғанстанмен шектесетін елдердің есірткілерді бақылау әлеуетін дамудағы жәрдемін

нығайтуға шақырды. 2000 жылы Ташкентте өткен Орталық Азиядағы тұрақтылық және қауіпсіздікті нығайту туралы халықаралық Конференцияда: "Есірткіге, ұйымдасқан қылмыстыққа және терроризмге қарсы күресте бірлескен қолдау" Орталық Азияның барлық елдерімен бекітілген екі құжат қабылданған, олар "Декларация" және "Орталық Азиядағы есірткіге, ұйымдасқан қылмыстыққа және терроризмге қарсы күресте ынтымақтастықтың әлеуеттері". Орталық Азиядағы тұрақтылық және қауіпсіздікті нығайту туралы Бішкек Халықаралық Конференция кезінде: 2001 жылдың 13-14 желтоқсанында өткен ЮНОДК және ОБСЕ-мен бірге ұйымдастырылған терроризмге қарсы жан жақты күшті нығайту конференциясында соған сәйкес бағдарламалық қызметтер туралы декларация қабылданған болатын.

2003 жылы Шанхай Ынтымақтастық Ұйымының қатысушы елдері есірткінің заңсыз айналымы және прекурсорларға қарсы күрес бойынша ынтымақтастық келісім-шартының жарастырушылары болды, осы келісім-шарт Ресей, Қытай, Қазақстан, Қырғызстан, Өзбекстан және Тәжікстан елдердің осы мәселені шешуде барлық күштерін біріктіреді деген жоспарда.

Келісім-шарт, сондай-ақ прекурсорларды бақылауын жақсартуға бағытталған, өйткені жол байланысы және жалпы шекаралар арқылы сауда айналымы өсуде.

______________________________

[1] "Шесть плюс Два" тобы Ауғанстанмен шектесетін алты елден құралады, яғни Қытай, Иран, Пакистан, Тәжікстан, Түрікменстан және Өзбекстан, қосу Ресей және АҚШ.

## II. НЕГІЗДЕУ

### II.1 ЮНОДК-тың жәрдем етуге өкілеттілігі және негіздеуі

1991 жылы ашылған уақыттан бастап, ЮНОДК есірткілердің заңсыз айналымына қарсы күрес стратегиясын глобалды деңгейде реттейді. Ұйым БҰҰ-ң есірткілерді бақылау бойынша барлық бағдарламаларын реттеуге және орындауға өкілетті. ЮНОДК-ң негізгі артықшылығы БҰҰ есірткілерді бақылау бойынша әр түрлі Конвенцияларымен, сонымен қатар 1998 жылы шілде айында БҰҰ-ң 20-шы Генералды Ассамблеясының Арнайы Сессиясында қабылданған Саяси Декларациямен анықталады.

БҰҰ-ң 20-шы Генералды Ассамблеясының Арнайы Сессиясында есірткімен байланысты қылмыстар халықаралық белгі алатындықтан, сондай-ақ шекараның ашылуы және нарықтардың глобальдануындықтан, есірткіге қарсы күрес бойынша халықаралық келісімдерді құқықтық ынтымақтастықты нығайтпай жүзеге асу мүмкін емес. Бірақ, сондай ынтымақтастық елдердің егемендігі және әр түрлі құқықтық жүйелер себебінен қиыншылыққа түседі. Ынтымақтастықтың нығайтылуы процессуальдық және тергеу мүмкіншіліктерін арттырады, сонымен қатар есірткі заттарды аудандық елдерден өткізіп алушыға жеткізу арқылы деңгейі жоғары есірткі жасаушыларды ұстап алу мақсатында жасалатын "бақыланатын жеткізулер"

операциялар іске асырады.

"Дүниежүзілік есірткі мәселесімен күресте халықаралық ынтымақтастықты нығайту шаралары" БҰҰ-ң Генералды Ассамблеясының Арнайы Сессиясындағы Резолюциясы мемлекеттерге ұсынады: (a) егер ол олардың ішкі құқықтық жүйелерінің негізгі принциптерімен рұқсат етілетін болса, олардың заңдары, процедуралары және тәжірибе бақыланатын жеткізулер әдісін ішкі және халықаралық нарықта қолдануына жол берсін , мемлекеттер арасындағы келісімдер және өзара түсінушілікті есептеумен; (b) бақыланатын жеткізулер әдісін қолдануда жәрдемдесу мақсатында басқа елдермен, әсіресе көршілес елдермен келісім-шарттар жасау сұрақтарын қарастыру; немесе осы мүмкіншілікті әр нақты іске қарастыру; (c) құрал-жабдықты айырбастау және тәжірибелерін көрсету арқылы бір-біріне көмек көрсету; және, егер заңсыз есірткілердің партиясын бақылау техникалық құрал-жабдығы дайындалған немесе заңсыз есірткіні зарарсыз затпен айырбастауға болатын заттар өндірілген болса, сондай құрал-жабдықты немесе затты басқа елдерге беру сұрақтарын қарастыру.

## II.2 Шешімді талап ететін есірткі мәселесі

Жоба есірткілердің үздіксіз ағымын тоқтатуға бағытталған - негізінен Орталық Азия аймағы арқылы өтетін ауған апиындарын. Орталық Азия елдер үкіметінің және халықаралық қауымдастықтың жүйелі әрекеттері арқылы Ауғанстанмен шектесетін аудандардағы бақылау жұмысының жақсарғаны белгіленеді. Бірақ тау ландшафт және шекараның үлкендігі кесірінен есірткінің аймаққа толығымен кіруін тоқтату үшін, шекарадағы есірткілерді тоқтату шаралары жеткіліксіз. Сондықтан, шекарадағы бақылау және тоқтату трансшекаралық ынтымақтастықпен және қазіргі уақыттағы ел ішіндегі құқық қорғау шаралармен толықтырылу тиіс.

Соңғы он жылдары, ауған апиынның Орталық Азия арқылы контрабандасымен айналысатын қылмыстық топтар өз айқындамаларын нығайта түсті. Көбінесе сондай ұйымдасқан құрылымдар Ауғанстан және Тәжікстан азамат соғыстарының әскери топтарынан құралады. Этникалығы бір адамдар көп жағдайларда бірігіп ұйымдастықтар құрайды. Осы уақытта әрекет ететін топтар белгілі орамдылығымен, операциялардың нақты жоспарлаумен және қазіргі уақыттағы техникалық құралдарды және қару жарақтарды қолданумен ерекшеленеді. Осы қылмыстық құрылымдардың қызметін тоқтату үшін Орталық Азиядағы есірткілердің айналымы, өткізуі туралы ақпаратты жинау анализдеу керек. Бұл есірткілердің заңсыз айналымын тоқтатуға қолайлы еңбек, қаражат және техниканың шектеулі санын жақсы бөлістіруге мүмкіншілік береді. Бұдан ары, Орталық Азияда әрекет ететін топтардың және Еуропа және солтүстік америка елдеріне есірткіні жеткізумен айналысатын топтардың байланысы туралы маңызды ақпарат жиналады.

Қазіргі кезде ең төмен деңгейдегі аймақтық бақыланатын жеткізу әдістерінің мүмкіншіліктерін дамыту оперативтік ақпаратты бірлесіп жинау процедураларын және тәсілдерін жетілдіру үшін өте маңызды.

## II.3 Мақсатты облыс және бенефициарлар

Аймақ арқылы өткізілетін есірткілердің көбі жердегі көлік арқылы өткізілетіндіктен қылмыстық жүйелердің масштабтары барлық Орталық Азияға тараған. Сондықтан, мәселені аймақтық деңгейде шешу маңызды. Жоба осы мәселеде өз мүддесін көрсететін Ресей Федерациясы және Кавказ елдерді іске кірістірумен барлық Орталық Азия елдердің әлеуеттерін құру мақсатында дайындалған.

Орталық Азия елдерінің құқық қорғау органдары жобаның негізгі бенефициарлары болып келеді. Оларға бақыланатын жеткізулерді өткізу, сонымен қатар қажетті заңдарды шығару және аса қажетті құрал-жабдықтарды алу үшін функциональдық институтциональдық процедураларды белгілеуде үлкен көмек көрсетіледі. Екінші дәрежедегі бенефициарлар - "соңғы тұтынушылар" елдерінің құқық қорғау органдары болады (олардың орталық-азия серіктестерінің мүмкіншіліктерін жетілдіру есебінде). Аса кең мағынада, есірткілердің контрабандасында кірістірілген қылмыстық ұйымдарды ұстау барлық қоғамға пайдасын тигізеді, ал жоба есірткінің аймақ арқылы өтуін азайтады.

## II.4 Жобаның аяқталуынан кейін күтілетін жағдай

* Бақыланатын жеткізу операциялары әр елдің құқық қорғау органдары арасындағы координацияның жоғары деңгейін талап етеді. Сондықтан, жобаның аяқталуынан кейін жобада қатысушы елдер үкіметтері бақыланатын жеткізулерді өткізу үшін нақты ұлттық институттық процедураларды бекітетіні күтілуде. Қажетті заңдар дайындалады. Халықаралық ынтымақтастыққа жауапты болатын нақты байланыс органдар анықталады.

* Ішкі және халықаралық бақыланатын жеткізулерді өткізу үшін құзыретті өкіметтер тез арада шешім қабылдау керек. Қазіргі кезде, бақыланатын жеткізулерді өткізу мәселелерін шешетін нақты механизмдер жоқ. Жобаның аяқталуынан кейін, аймақ елдеріне сондай механизмдерді белгілеуде және анықтауда көмек көрсетіледі.

* Бақыланатын жеткізулерді өткізу үшін арнайы дайындық қажет. Қазіргі уақытта, аймақта сондай мүмкіншіліктер шектелген. Жоба құқық қорғау органдар қызметкерлеріне алдағы халықаралық стандарт бойынша тренингтер өткізеді және " каскад" тренингін өткізуде жағдай жасайды.

* Қорытындысында, операцияға арнайы жасалған бақылаудың қарапайым құралдарын беру ұлттық ведомстволардың техникалық мүмкіншіліктерін арттырады, сонымен қоса оларға келесіде қандай аса пайдалы құрал-жабдықтарда алу қажет екенін анықтауға түсінік береді.

## II.5 Жобаның стратегиясы

Жоба сәйкес институттық процедураларды анықтауда жәрдемдеседі, ал қажет кезде, жобаның шегінде құрал-жабдық пен техникалық жәрдем беріледі. Жәрдем сарапшылардың миссиялары, аймақтың әр елінде ұлттық жұмыстық семинарлар кезінде анықталған олардың қажеттіліктерінде негізделген жұмыстық семинарларды

және жәрдем бағдарламаларын ұйымдастыруы арқылы көрсетіледі.

Жалпы айтқанда, үкімет бақыланатын жеткізулерді өткізуде және олардың нәтижелерін бақылауында қажеттілік бар екенін біледі. Жұмыстық кездесулер ұлттық өкіметтерге жүйелер мен процедураларды белгілеуге және осы мақсатқа жету үшін қажетті жұмыстық механизмдерді орындауға жағдай жасайды. Кездесулердің негізгі тапсырысы әр елге тән арнайы мәселелерді анықтау және ұлттық координация және ынтымақтастық жүйесін құру болады.

Жобада қатысушы елдерге, аймақтық құрылымдарға және басқа сәйкес ұйымдарға қажетті орындау қызметтерін анықтайды.

ЮНОДК-ң Орталық Азиядағы кеңселері жұмыстық семинарларды дайындауда кірістіріледі және жобаны жүзеге асыру үшін қажетті "жетекші" тәжірибені анықтауда негізгі роль атқарады. Осы кеңселер жергілікті құзыретті органдармен байланыс жасайды. Олар, сонымен қатар жобаны орындау кезінде пайда болған мәселелердің есебін жүргізеді және пайдалы шешімдер ұсынады және ЮНОДК-мен сол уақытта жүзеге асырылып жатқан басқа жобалармен өзара координациясын жүргізеді. Жобаның тиімді орындалуы мақсатында жоба координаторы мен өкілдіктер нұсқаулардың дұрыс орындалуында жәрдемдеседі. Олар ЮНОДК бөлімшелерінің негізгі өкілдерінен құралған арнайы комитеттен басқарулар алады ("Прогресс в развитии" бөлімшелері Дамудағы прогресс) (PD) және есірткілердің заңсыз айналымымен күрес бойынша Секция).

Жобаның ақырғы деңгейлерінде, техникалық жәрдемдесу - қажеттіліктерді анықтау бойынша миссиялар кезінде және/немесе қатысушы елдердің сұранысы негізінде анықталған салалар бойынша көрсетіледі. Осы салалар саясатты дайындау, әкімшілік қызметшілердің тренингі, құқық қорғау органдардың тренингі және нақты құрал-жабдықты беру бағыттарын қамтиды.

Жоба координаторы жоба шегіндегі нұсқаулардың дұрыс орындалуында жәрдемдеседі.

### II.6 Орындау механизмдері

Жобаның орындалуы есірткіні бақылау саласындағы сарапты қажет етеді, сонымен қатар аймақтық ынтымақтастыққа талапты қажет етеді. ЮНОДК-ң Ташкентте өз қорлары және өкілдігі бар екенін ескере отырып ЮНОДК осы жобаның орындаушы агенттігі ретінде анықталды және негізінен құрал-жабдықты сатып алу және жеке келісім қызметі мәселелерімен айналысады. Осы шартта ЮНОПС ЮНОДК мен жұмыс жоспарын жасағаннан және бюджетті анықтағаннан кейін жеке келісім-шарт жасайды. ЮНОПС пен келісім-шарт шегінде орындалатын жобаның құрамдары үшін, ЮНОПС қосалқы шығындардың 7.5% төлейді, ал қалған 5.5% ЮНОДК қалады.

ЮНОДК-мен Ташкентте орындалатын құрамдар және күнделікті қызмет ЮНОДК және ПРООН арасындағы жұмыс келісім-шартына сай жүзеге асырылады. ПРООН-ң елдердегі өкілдіктері осы жобаның орындалуын қажетті әкімшілік және қаражаттық

қызметтер көрсетеді және ЮНОДК-ге балама қаржылық есептемені қамтамасыз етеді. ПРООН осы қызметтер үшін қаражаттың жалпы сомасынан 3% қосалқы шығын сомасын төлейді. Аймақ елдердегі ЮНОДК және ПРООН өкілдіктері қазіргі уақытта қайта қаралған жұмыстық келісімдерді талқылауда. Егер Жұмыстық келісімнің осы қаралымы ПРООН-мен төленетін қосалқы соманың өзгеруіне әкелетін болса Ташкенттегі ЮНОДК және Венадағы қаржылық қызмет жобаның бюджетін сәйкес қ а р а с т ы р а д ы .

Осыны орындауға жалпы жауапкершілік ЮНОДК-ң Ташкенттегі Орталық Азиядағы Аймақтық Өкілдігіне (ОААӨ) және ЮНОДК-ң Ресей және Беларусьтағы Аймақтық Өкілдіктеріне (РБАӨ) берілді. Жобаны орындау барысында, осы Өкілдік өзінің Аймақтық өкілдігі арқылы жоба координаторының ((UNV) волонтерлер жүйесі арқылы тағайындалған) жұмысын жібереді. "Құқық қорғау жобалар"-ды іске асыруда кірістірілген ЮНОДК/ОААӨ қызметкерлері осы жобаға қолынан келетін барлығымен көмектеседі. Жоба бойынша негізгі шешімдер, жұмыс жоспарды бекітумен қоса, қарастыруларды жүзеге асыру сұрақтары, жобаны орындау стратегиясына өзгерістер енгізу немесе басқа саяси мәселелер Венадағы ЮНОДК-ң сәйкес секциялар және бөлімшелердің Аймақтық Өкілдермен бірге келіседі.

## II.7 Орындауға дайындық және координациялар

Жобаның орындалуы оған аймақ елдерінің көпшілігімен қол қойғаннан кейін лезде басталады. Егер қай бір жақ жобаның басталуынан кейін алты ай ішінде жобаға қолын қоймаса оның жобадағы қаражат бөлігі басқа елдердегі қол қойылған жобаға беріледі.

Бірінші жұмыстық семинардың өткізілуі алдында, қатысушы елдер әрекеттегі жүйелер және механизмдер туралы ақпарды және олардың анализын көрсетеді. Өкілдіктерге жоба бойынша - серіктес ретінде сәйкес ведомстваларды өкілдерін қою туралы өтініш жіберіледі. Аймақтық жұмыс семинарлары өтетін елдер өкілдіктері қажетті шарттарды және ұйымдық қолдаудың берілуі талап етіледі.

Ташкенттегі ЮНОДК осы жобаның ЮНОДК-ң Орталық Азиядағы және көршілес елдердегі басқа ұлттық және аймақтық жобаларымен сәйкес координациясын қамтамасыз етеді. Ташкенттегі ЮНОДК негізінен аймақта жұмыс істейтін басқа екі және көп жақты донорлармен өзара байланысты жасайды және оларға осы және басқа жобалардың жағдайы туралы толық ақпарат береді, бұл аймақтағы донорлық көмекті жақсарту үшін жасалады. Ташкенттегі ЮНОДК осы жоба және аймақтық жоба арасында ақпаратты жинау, айырбастау және анализдау саласындағы толық координациясын қамтамасыз етеді. Осы жобаны орындаудан алынған тәжірибе басқа жобаларда ескеріледі.

## III. Мақсаттар, нәтижелер, қызмет

Жоба аймақ елдеріне ұлттық механизмдерді және бақыланатын жеткізулерді тиісті өткізу мүмкіншіліктерін құру және/немесе дамытуға бағытталған. Бұл аймақтың құқық қорғау органдарына қылмыстық топтарды ұстауда әлеуетін нығайтуға жәрдемдеседі.

Жоба ӨТМ мүше елдеріне есірткілер партияларының орнын және көздерін табуда, есірткі трафигінің ұлттық, аймақтық және халықаралық маршруттарын анықтауда өз мүмкіншіліктерін жетілдіруге жәрдемдеседі.

Тіке тапсырыс: Аймақ елдеріне ұлттық механизмдерді және бақыланатын жеткізулерді тиісті өткізу мүмкіншіліктерін құруда және/немесе дамытуда жәрдемдесу

Нәтижелер:

- Құқықтық шектеулер құрылған, процедуралар және бақыланатын жеткізулерді өткізу үшін сәйкес механизмдер белгіленген
- Бақыланатын жеткізулерді тиісті өткізу үшін арнайы тренинг және құрал-жабдық берілген

Қызмет:

ӨТМ мүше елдерінің құқық қорғау органдарына бақыланатын жеткізулерді өткізуде , жоспарлауда және ұйымдастыруда оперативтік жетекші әдістерді қолдану бойынша кеңестік қызмет көрсету үшін халықаралық сарапшыны іске кірістіру;

Жетекші координаттайтын ведомствоны анықтау, есірткілерді бақылау саласындағы әлеуеттерді, тергеу әлеуетін бағалау, ведомствоаралық ынтымақтастықтың механизмдерін анықтау үшін Есірткілерді бақылау бойынша ұлттық құқық қорғау органдардың ролін зерттеу;

Қажетті бақыланатын жеткізулерді өткізу және заңдарға сәйкес өзгерістерді енгізуде жәрдемдесу үшін ұлттық құқықтық талаптарды анықтау;

Есірткілерді бақылау бойынша барлық мүдделі құқық қорғау ведомстваларды және бақыланатын жеткізулерді ұйымдастыруда мүдделі басқа жақтардың ұлттық ведомствоаралық кездесулерін ұйымдастыру;

Сәйкес басқармаларға, сонымен қатар байланыс тұлғаларға бақыланатын жеткізулерді өткізу үшін қажетті процедураларды енгізу және дайындауда жәрдемдесу және тәулік бойы байланыс жүйесін енгізу;

Жетекші құқық қорғау ведомстволарға бақыланатын жеткізулерді өткізу талаптарына сай келетін оперативтік процедураларды енгізуде жәрдем көрсету;

Есірткілерді бақылау құқық қорғау орган қызметкерлеріне қабылданған нұсқаулар бойынша тренингтер беру;

Нұсқауды қолдану бойынша бірінші кәсіби тәжірибемен бөлісуге және жетіспеушіліктерді анықтауға бағытталған семинарды ұйымдастыру;

Әр елде сол елдің үкіметімен бақыланатын жеткізулерді оперативтік орындауға тағайындалған бөлімшелерді анықтау;

Ел үкіметімен тағайындалған сәйкес бөлімшелерге бақыланатын жеткізулерді атқару кезінде жасырынды бақылау тәсілін қолдану бойынша тренингтер өткізу;

Есірткілерді бақылау бойынша құқық қорғау органдардың арнайы құрал-жабдықтағы қажеттілігін анықтау;

Арнайы құрал-жабдықты беру;

Берілген құрал-жабдықты қолдану бойынша арнайы тренинг өткізу;

Бақыланатын жеткізулерді өткізуде аймақтық және трансшекаралық ынтымақтастықты дамыту, трансшекаралық бақыланатын жеткізулерді өткізу туралы келісімге қол қоюды қоса (егер аймақ елдерімен талап етілетін болса);

Бақыланатын жеткізулерді өткізу туралы кәсіби сабақтарды ұйымдастыру, алдымен ұлттық сосын аймақтық деңгейде;

Бақыланатын жеткізулерді өткізу, жоспарлау және реттеу бойынша қорытынды аймақтық жұмыс кездесуін ұйымдастыру.

## IV. Салымдар

### Үкіметтердің салымы

Жобаға қол қойған елдерінің үкіметтері, координация және талқылау бойынша тренингтерді және кездесулерді өткізу үшін кеңселер береді.

Жобаға қол қойған елдерінің үкіметтері БҰҰ қызметкерлеріне, кеңесшілерге, донор-елдерінің өкілдеріне және виза жобасының қызметкерлері үшін қауыпсыздыққа қажетті шарттар және аймақ бойынша төлемақысыз жұмыспен жүруді ұйымдастыруды қамсыздандырады және халықаралық мониторинг бойынша аймақта кездесулерге төлемақысыз жағдай жасайды.

ЮНОДК-тің салымы

Қызметшілерге кететін шығындар: 173,400

Жобаның халықаралық және ұлттық қызметшілері, кеңесшілермен және сарапшылармен байланысты шығындар, жобаны бағалауға кететін шығын

Тренингке кететін шығын: 225,000

Есірткілерді бақылау бойынша құқық қорғау офицерлер үшін тренинг. Жоба қызметін шолу бойынша кездесулер, басқа құқық қорғау ведомствалар және серіктестер кездесулерін ұйымдастыру.

Құрал-жабдыққа кететін шығын: 899,000

Бақыланатын жеткізулер операциялары үшін құрал-жабдықтар.

Іс сапарлар және басқа шығындар: 73,700

Венадағы штаб-пәтерге іс сапарлар. Басқа шығындар.

## V. Жобаның тәуекелі және жорамалдары

Осы жоба аймақта бақыланатын жеткізулерді өткізу механизмдердің құрылуына жәрдемдеседі. Өйткені онда осы салада кішкене болса тәжірибесі бар. Бұл үшін жобада қатысушы елдер арасында бір біріне деген сенушілік болу керек. ӨТМ қатысушы елдер үкіметтері есірткіні бақылау қызметін жүзеге асыру қажетті туралы айтып, өздерінің ұлттық шектерімен шектелмеген дайындылығын көрсетті. Ынтымақтастықтың алғашқы кезеңдерінде қиыншылықтар болса, қазіргі кезде есірткіні бақылаумен

байланысты аймақтық ынтымақтастықтың жақсы дамуы жобаның тәуекелін азайтады. Бірақ, төменде көрсетілген тәуекелдер және жорамалдар мониторингтің байқауын талап етеді:

Жорамалдар:

* ӨТМ қатысушы-елдердің Үкіметтері бақылайтын жеткізулер бойынша координациялық механизмдерді құруда жолын қууда.

* Құқық қорғау ведомствалар ақпаратты тез айырбастау үшін институттық механизмдерді құрауда белсенді қатысады;

* Жасалған келісім-шарттар шындыққа негізделген және кәсіпте жүзеге асырылу мүмкін.

* Барлық іске кірістірілген жақтар бақылайтын жеткізулер мәселелерінде қазіргі уақыттағы шаралардың маңыздылығын түсінеді және операцияны өткізуде тез шешімдерді қабылдауына жағдай жасайтын механизмдерді іске асыруға дайын.

* Тәуекелдер:

* Халықаралық аймақтық қатынаста белгісіздік факторларын ескере отырып, сонымен қатар жобаның қатысушы елдер арасындағы бақталастық пайда болып, сенімділіктің болмауы бақылайтын жеткізулердің тиімді орындалуына әсер ету мүмкін.

* Елдің ішінде пайда болатын құқық қорғау органдар арасындағы бақталастық ұлттық байланыс органдардың тағайындалуына кедергі жасап, келісімдердің орындалуына әсер етеді.

* Қауіпсіздік шаралары, саяси жағдайлар және төтенше жағдайлар жобаның уақытында орындалуына кедергі жасау мүмкін.

Осы жобаның құрылымы жобамен басқару кезінде, жобаның орындалуын және оның нәтижелерін үнемі қарастыру мақсатында (оның орындалуы және мониторингінде) жобаның халықаралық қызметшілері, аймақтық жұмыс топтары, ЮНОДК-ң Ташкент және Мәскеудегі Аймақтық өкілдері, донор-елдердің өкілдері және ЮНОДК-ң Венадағы мамандары арасында тығыз байланыс пайда болатындығын ескереді. Егер ЮНОДК-ң Ташкенттегі қызметкерлері осы ережелердің қай біреуінің бұдан әрі күші жоқ немесе жоғарыда көрсетілген тәуекелдер материалданған деген қорытындыға келсе, Ташкенттегі ЮНОДК ӨТМ қатысушы елдер өкілдермен және донор-елдер өкілдерімен ынтымақтастығында сәйкес серіктестерге қажетті шараларды қолдану туралы кепілдіктер жібереді немесе жобаның қызметін берілген тәртіп бойынша тоқтатады/жабады.

Ташкенттегі ЮНОДК Венадағы ЮНОДК-ны жобаның қызметінің/құрамының уақытша тоқталуына әкелетін, арнайы шолуды талап ететін немесе жобаның толық қайта қарауын талап ететін жоғарыда көрсетілген тәуекелдер немесе болжамдармен байланысты факторлар туралы ақпарат етеді.

## VI. Алғашқы міндеттер және талаптар

Осы жобаның мақсатында әр елдің үкіметі үкіметтік орындаушы ведомствоны(ларды) тағайындайды. Үкімет, сонымен қатар сәйкес үкіметтік ведомстваларда осы жобаны орындауда жауапты және ЮНОДК мен жобаның қатысушы елдер арасындағы жобаның тиімді орындалу мәселелері бойынша байланыс тұлға ретінде әрекет ететін ресми тұлғаларды тағайындайды. Сонымен қатар үкімет жобаның күнделікті мәселелерін шешуге жауапты байланыс тұлғаны анықтауда жәрдем жасайтыны ескеріледі. Үкімет эксперттік миссиялардың, агенттіктердің және лауазымды тұлғалардың жобаның өткізілу орындарына есірткілерді бақылау деректеріне қол жеткізуін қамтамасыз етеді.

Берілген жобаға ЮНОДК орындалады, егерде келесі міндеттерді орындауымен қанағатталса:

- Үкіметтер мерзімді салымдарды салса.
- Үкіметтер есірткілерді бақылау бойынша құқық қорғау органдарда байланыс тұлғаларды тағайындайды.
- Үкіметтер осы жоба шегінде қолдау алатын құқық қорғау органдарды жоба талаптарын жүзеге асыру үшін ақпарат айырбастауында қатысуға міндеттейді.
- Үкіметтер оқу турлар, курстар және семинарлар кезінде оқытылған қызметкерлердің өз құқық қорғау ведомстваларында кем дегенде келесі үш жыл бойы қызмет етуін және жоба шегінде жеткізілген құрал-жабдықтың жобалы құжатта ескерілген қызметте пайдалануын қамтамасыз етеді.
- Үкіметтер жоба қызметін қолдайды, сонымен қатар есірткілерді бақылау бойынша барлық құқық қорғау органдардың және басқа мүдделі ведомстваларлардың жұмыс топтарын анықтау арқылы да қолдайды.

ЮНОДК-тың жағынан ықпал көрсету, жоғарыда аталған міндеттерді толық орындауына тәуелді. Бір немесе бірнеше міндеттерді орындамағанда, ЮНОДК, өз карауы бойынша көмек көрсетуді тоқтатуға немесе бітіре алады.

## VII. Жобаның мониторингі, шолу, есептеме және бағалау

Берілген жобаны Үкімет және ЮНОДК кез келген деңгейінде бірігіп қайта қарауы болады. Жобаны қайта қараудың қажеттілігі кезінде ЮНОД-ң миссиясына Үкімет ықпал көрсетеді. Берілген жоба БҰҰ-ның ішкі аудит Қызметі және БҰҰ-ның тәуелсіз аудиторлар Кеңесі жағынан тексеруге жатады. Олардың сұрауы бойынша, жобалы құжатқа қол қойған жақтар, аудиторлар құжаттарға хат жазысуға есеп шоттарға шығын жазуларына және жоба бойынша инвентарлық тізімдермен жұмыс істеуін қамсыздандырады.

Берілген жобаны орындау мониторингісі Орта Азиядағы ЮНОДК-тің Аймақтық Өкіліне артырылады.

Берілген жоба басталғаннан кез келген уақытта және оның аяқталған кезінен 12 айдың ішінде ЮНОДК бағалау өткізуі мүмкін. Кез келген бағалау топты тартқанға дейін функционалды міндеттер, кез келген бағалауды жүргізудің мақсаты және

ұзындылығы, алдын ала Үкіметпен келістіріледі. Қорытынды бағалауды өткізу (сыртқы ) жобаның бюджетімен көзделген және қысқартуға немесе жоюға жатпайды, жобалы құжатқа немесе оның қайта қаралған түріне қосылатын жобаның бүкіл жағы арасындағы жазбаша келісімнен басқа. Қорытынды бағалау жобаның аяқ кезінде өткізіледі.

Үкіметтермен, атқарушы агенттікпен және ЮНОДК-пен өткізілетін үш жақты шолу (бірлескен шолу), әр 12 айдың ішінде бір рет жүргізіледі. Соңғы үш жақты шолу жобаның аяқталуына 4 ай қалғанда өткізіледі.

## VIII. Құқықтық контекст

БҰҰ-ның Дамыту Бағдарламасымен Келісімге қол қойған Келесі Үкіметтер, ЮНОДК-қа берілген жобаның шектеуімен көрсетілген, белгілеген уақытта, берілген Келісім, mutatis mutandis қолғабыс тигізуге пайдаланумен келіседі. Келісімнің, әсіресе IX Бап (Артықшылықтар және иммунитеттер) және X Бапта (ПРООН-ға көмектесуді орындау үшін шарттар) берілген жобаның шектеуі бойынша ЮНОДК-тің жұмысына қолданатыны туралы Үкіметтер растайды.

| | |
|---|---|
| Қазақстан Үкіметі | 1994 жылдың 4 қазаны |
| Қырғызстан Үкіметі | 1992 жылдың 14 қыркүйегі |
| Тәжікстан Үкіметі | 1993 жылдың 1 қазаны |
| Түрікменстан Үкіметі | 1993 жылдың 5 қазаны |
| Өзбекстан Үкіметі | 1993 жылдың 10 маусымы |

Берілген жобалы құжаттағы қағидалар, Келісімдегі қағидалардан жоғары және " ПРООН-ның жобалы құжатына қосымша Стандартты пункттер" (екі стандартты мәтіннің қайсы пайдаланатынына қарамай) стандартты мәтінде қолданатындар, моделді құжаттағы бағдарламалар және белгілеулер арасында пайда болатын келіспеушіліктер жағдайында.

### а. Міндеттер туралы пункттер

Жабдықты әкелу, оны тасымалдау, өңдеу, сақтау және басқа шығындарға байланысты кедендік бажды және басқа төлемақыларды төлейтін шығындарды Үкіметтер өзіне алады. Құрал-жабдықты жеткізгеннен кейін Үкіметтер тиісті қорғау, қондыру, қызмет ету және сақтандыру, сонымен қатар қажет жағдайда оны қолдануда жауапты болады.

Берілген жоба бойынша, мемлекеттік құрамдарға немесе аймақтық/ұлттық жергілікті органдарға, ЮНОДК-пен сатып алынған жабдық елге келгеннен кейін жабдық Үкіметтердің жеке меншігіне ауысады. Жеке меншікке берілгеннен кейін, жабдықты лайықты сақтауға, оны орнатуға, қызмет көрсетуге, сақтандыруға және керек кезінде жабдықты ауыстыруға Үкіметтер жауапкершілік тартады. Әрі қарай ЮНОДК жабдық үшін ешқандай заңды жауап тартпайды.

Жобаның мониторингі мүддесінде, Үкіметтер құрал-жабдықтың нақты инвентарлық бақылауын жүргізеді және осы ақпарат ЮНОДК сұранысына беріледі.

ЮНОДК-пен сатып алынған бүкіл жабдық, бағдарламалық қамсыздандыру, материалдар, шығынды материалдары және осы жобаны орындау үшін қаражаттандыру, жобаның мақсаттарына ғана пайдаланылады. Бүкіл ұсынған жабдық және материалдар ООН-ның ережелеріне және басшылығына сәйкес пайдаланылады.

Барлық іске кірiскен жақтар қызметшiнiң, кеңесшiнiң немесе Үкiметпен, ҮЕҰ немесе БҰҰ басқа агенттiктерiмен (ЮНОДК басқа) шақырылған басқа тұлғалар ресми мiндеттердi атқару кезiнде ауру сырқау кесiрiнен ажал немесе мүгедек болғаны үшiн ЮНОДК өтемдердi төлеу жауапкершiлiгiн алмайтынын түсiнедi. Көрсетiлген жақтар сондай жағдайлар кезде төленетiн ЮНОДК-ге өтемдi төлеу өтiнiмiмен бармайды және қажеттi өтемдер сондай жағдайлар үшiн ескерiлген және Үкiметпен, ҮЕҰ және БҰҰ осы жоба бойынша басқа агенттiктерiмен жұмысқа орналасқан барлық тұлғаларға қолданатынын осымен растайды.

### b. Келiсiмнен шығу туралы пункттер

ЮНОДК қызметiн осы жоба шегiнде орындауы жыл сайын бар қаржыландыруға байланысты жасалады. Жылдық бюджеттен бөлiнген қаражат мiндеттi тәртiпте жылдық шығын есептiң жұмыс жоспары негiзiнде осы жобаны жүзеге асыру үшiн берiледi. Қажеттi қаржыландырудың болмауы кезiнде ЮНОДК бiр жақты тәртiпте осы жоба шегiнде қолдау көрсетудi тоқтатуға құқықты болады.

### c. Жобаны қайта қарау

Жобалы құжатқа өзгерiстер жобаның барлық жақтарының жазбаша келiсiмi негiзiнде енгiзiлу мүмкiн. Жобалы құжатта ескерiлмеген барлық басқа мәселелер жоба жақтарымен БҰҰ сәйкес органдарының шешiмдерiне және қаулыларына сай реттелу керек.

Осы параграфпен байланысты әр жақ басқа жақтың ұсыныстарын мұқият және алаламай қарастыру тиiс.

## ЖОБАНЫҢ БЮДЖЕТI

Жобаның аты: - AD/RER/F43 - "Бақыланатын жеткiзулер операцияларын өткiзу тәсiлiнде жәрдемдесу"

Атқарушы агенттiк: ЮНОДК

| Comp. | Бюдж линия | Сипаттама | Жалпы Бюджет | | 2004 наурыз-желтоқсан | | 2005 | | 2006 қаңтар-ақпан | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | р/м | Салым | р/м | Салым | р/м | Салым | р/м | Салым |
| 10 | | Жалпы персоналы | | | | | | | | |
| 11 | | Сарапшылар және кеңесшiлер | | | | | | | | |
| | 11.51 | Халықара-лық кеңесшiлер | 2 | 24,000 | 1 | 12,000 | 1 | 12,000 | 0 | 0 |
| | | | | | | | | | | |

| | | | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | 11.98 | Халықаралық кеңесшілер үшін сома | | 24,000 | | 12,000 | | 12,000 | | 0 |
| | 11.99 | Халықаралық сарапшылар және кеңесшілер | | 24,000 | | 12,000 | | 12,000 | | |
| 13 | | Әкімшілік қосалқы қызметшілер | | | | | | | | |
| | 13.01 | Басқа жобалармен (РПЦА және РПРБ) бірге төленетін әкімшілік позициялар | | 28,800 | 10 | 12,000 | 12 | 14,400 | 2 | 2,400 |
| | 13.99 | Сома | | 28,800 | | 12,000 | | 14,400 | | 2,400 |
| 14 | | UNV (БҰҰ волонтерлері) | | | | | | | | |
| | 14.01 | Жобаның халықаралық координаторы | 24 | 76,800 | | 32,000 | | 38,400 | | 6,400 |
| | 14.99 | UNV үшін сома | | 76,800 | | 32,000 | | 38,400 | | 6,400 |
| 15 | | Жоба бойынша жұмыс сапарлар | | | | | | | | |
| | 15.01 | Служебные поездки по проекту | | 43,000 | | 15,000 | | 20,000 | | 8,000 |
| | 15.99 | Сапарлар үшін сома | | 43,000 | | 15,000 | | 26,000 | | 8,000 |
| 16 | | Жобаның бағалауы | | | | | | | | |
| | 16.01 | Жобаның бағасы | | 15,000 | | 0 | | 0 | | 15,000 |
| | 16.99 | Бағалау үшін сома | | 15,000 | | 0 | | 0 | | 15,000 |
| | | Ұлттық кәсіпқой | | | | | | | | |

| | | | | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| 17 | | қызметкер-лер | | | | | | | | |
| | 17.01 | Басқа "құқық қорғау" жобалармен бірге төленетін жобаның ұлттық қызметкері | 24 | 28,800 | 10 | 12,000 | 12 | 14,400 | 2 | 2,400 |
| | 17.99 | Сома | | 28,800 | | 12,000 | | 14,400 | | 2,400 |
| 19 | | Жобаның қызметші-лері бойынша | | 173,400 | | 68,000 | | 79,200 | | 26,200 |
| 30 | | Тренингтер | | | | | | | | |
| 33 | | Тренингтер (үйрету-шілерді оқыту) | | 0 | | | | | | |
| | 33.01 | Бақылана-тын жеткі-зулерді өткізу бойынша жаңа нұс-қауларының тренингі | | 40,000 | | 40,000 | | 0 | | 0 |
| | 33.02 | Жасырып бақылау тәсілінің тренингі | | 45,000 | | 0 | | 45,000 | | 0 |
| | 33.03 | Жаңа құрал-жабдықта пайдалану | | 45,000 | | 0 | | 45,000 | | 0 |
| | 33.04 | Практика-лық сабақтар (ілімдер) | | 50,000 | | 0 | | | | 50,000 |
| | 33.99 | Сома | | 180,000 | | 40,000 | | 90,000 | | 50,000 |
| 35 | | Эксперттік топтың кездесу-лері | | 0 | | | | | | |
| | | Техникалық мәселелер-ді шешу | | | | | | | | |

| | | | | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | 35.01 | үшін жұмыс семинар-лары | | 45,000 | | 10,000 | | 20,000 | | 15,000 |
| | 35.99 | Сома | | 45,000 | | 10,000 | | 20,000 | | 15,000 |
| 39 | | Тренинг бойынша жалпы сома | | 225,000 | | 50,000 | | 110,000 | | 65,000 |
| 40 | | Құрал-жабдық | | 0 | | | | | | |
| 41 | | Шығыс материал-дары | | 0 | | | | | | |
| | 41.01 | Кеңсе құрал-жабдығы | | 35,000 | | 15,000 | | 15,000 | | 5,000 |
| | 41.99 | Сома | | 35,000 | | 15,000 | | 15,000 | | 5,000 |
| 42 | | Ұзақ мерзімді құрал-жабдық | | 0 | | | | | | |
| | 42.01 | Кеңсе құрал-жабдығы | | 35,000 | | 20,000 | | 15,000 | | |
